



«МАСС-МЕДИА
ТУРАЛЫ» ЗАҢ
отандық БАҚ-тың
бағын аша ма?

3

ТАЗАЛЫҚ



«АЛМАТЫ ЖАЗЫ»
қалалық акциясы
басталды

4

ҒАЛАМШАР



АСПАН ӘЛЕМІНЕ
САЯХАТ

Оқушылар сарайы
БАҚ өкілдеріне арнап
обсерваторияға баспасөз
турын ұйымдастырды

6

ӘУЕЖАЙ

ЖАҢА ТЕРМИНАЛ

заман талабына сай ма?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

1 маусым күні Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалы іске қосылды. Жаңа ғимараттың жолаушыларға қызмет еткеніне бір ай өткенде әуежай әкімшілігі БАҚ өкілдеріне баспасөз турын ұйымдастырып, терминалдың бүтінгі бейнесін көрсетті.

Іс-шара барысында мекеме президенті Гокер Косе әуежайдың ескі және жаңа терминалдарының жоспарымен бөлісті. Оның айтуынша, жаңа жолаушылар терминалына 220 миллион доллардан астам инвестиция салынған. Сейсмикалық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай салынған халықаралық терминал 10 баллға дейінгі жер сілкінісіне төтеп бере алады. Әуежайдың жалпы ауданы – 53,5 мың шаршы метр.

– Жаңа терминалда 50 тіркеу орны орнатылды және соңғы үлгідегі заманауи жабдықтар сатып алынды. Екі «fast-track» құрылғысы, 5 өзін-өзі тіркеу дүңгіршегі, 5 «baggage drop-off» құрылғысы орнатылады. Жаңа терминал сағатына ұшатын 24 мың жолаушыға, ұшып келген 33 мың жолаушыға қызмет көрсете алады. Жолаушыларды төлқұжаттық бақылаудан өткізу кезінде заманауи және жайлы жағдаймен қамтамасыз ету үшін жаңа терминалдың ұшу аймағында 20 кабина, келу аймағында 32 кабина, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ұшу-келу

аймағында автоматтандырылған өткізу жүйесі бойынша 4 бірлік жабдық орнатылған. Жолаушыларға ыңғайлы жүріп-тұру үшін ақпараттық дүңгіршектерді орнату жоспарлануда, – деді ол.

Сонымен қатар, Гокер Косе 2019 жылы 6,5 млн жолаушы Алматы әуежайы арқылы өтсе, 2023 жылы 9,5 млн жолаушыға қызмет көрсетілгенін атап өтті. Биыл жолаушылар саны 11 миллионнан

асады деп күтілуде. Дегенмен, ескі терминал жаңартылған соң, әуежайдың жалпы өткізу қабілеті жылына 14 миллион жолаушыға дейін артпақ. Әуежай президенті автотұрақ мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, қазір жалпы автотұрақ көлемі 46%-ға ұлғайған. Әуежай аумағында автотұрақ орнын көбейтудің қалған жұмыстарын 2024 жылдың 15 тамызына дейін аяқтау жоспарланған.

5

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №52 (6503) 28 маусым, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



БҮГІН – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

«ЖУРНАЛИСТ ТЕ ҰЛТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ өкілдерін марапаттады



28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күніне орай Ақордада салтанатты жиын өтті. Оған республикалық ақпарат құралдары ғана емес, өңірлердегі жетекші телеарналардың, газет-журналдардың, ақпараттық ресурстардың өкілдері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ өкілдерін кәсіби мерекесімен құттықтап, журналистиканың мәртебелі мамандық екенін атап өтті.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.06.2024

Түнде:

**+24+26 °C**Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

**+31+33 °C**Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

29.06.2024

Түнде:

**+24+26 °C**Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

**+34+36 °C**Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.**Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13м/с**www.almaty-akshamy.kz



БҮГІН – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

«ЖУРНАЛИСТ ТЕ ҰЛТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ өкілдерін марапаттады

(Басы 1-бетте)

– Мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені, ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ. Бұл – баршаға тең мүмкіндіктер беретін Әділетті Қазақстанды құру. Мен бүгін медиа саласы мамандарының осы жолдағы қажырлы еңбектері үшін шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық реформаларға арнайы тоқталып, осындай тың бастамаларды жұртшылыққа жан-жақты түсіндіруге журналистер қауымы зор үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында нашақорлық, құмарпаздық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылдық секілді бес әлеуметтік кесел туралы мәселе көтергенін еске салып, мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан заңнамалық және идеологиялық жұмыстар жөнінде айтты.

Президенттің пікірінше, елімізді түбегейлі жаңғырту үшін заңнамалық өзгерістермен, кадрлық шешімдермен, саяси және экономикалық реформалармен ғана шектелу аздық етеді. Прогрессивті ұлт ретінде қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін жаңарту үшін көп тер төгуіміз керек.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» акциясы мен қоғамда экологиялық сана қалыптастырудың маңызы туралы айтты. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын бастамаларды барынша дәріптеу, экономиканы әртараптандыру, еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында кеңінен мәлімет берді. Бұдан бөлек, Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы, Атом электр станциясын салу мәселелері жөнінде пікір білдіріп, журналистерді осы маңызды істерді жұртшылық арасында кеңінен насихаттауға шақырды.

Президент елімізде жүргізілген жүйелі реформалардың нәтижесінде азаматтардың саяси мәдениетінің деңгейі едәуір өскенін, шынайы әрі аясы кең пікір алудың пайда болғанын атап өтті.

– Көпшілік мұны әлі күнге сезінбей

жүр. Алайда, Қазақстанда әлдеқашан жаңа саяси жағдай қалыптасты. Оны сөз бостандығынан, ашық бәсекелестіктен, билік пен қоғам арасындағы конструктивті диалогтан, бүкіл ақпараттық ресурстардың қолжетімділігінен байқауға болады. Біз осындай өзгерістер жүзеге асырылды деп сеніммен айта аламыз. Мұндай жағдайда БАҚ-тың рөлі мен жауапкершілігі арта түседі. Отандық масс-медиа әрдайым объективтілікті, бейтараптылықты сақтап, ел мен қоғамның мүддесін бәрінен жоғары қоятынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Президент Әділетті Қазақстан құру бос идеологиялық абстракция емес, шынайы жалпыұлттық таңдау екенін мәлімдеді.

– Мемлекеттің қуаты – халықта, ал халықтың қуаты жасампаз күш-жігерде және отаншылдықта. Сондықтан еліміздегі барлық ауқымды өзгерістер адамға, оның қарым-қабілетін толық ашуға бағытталған. Біз үшін реформалардың өзі ғана емес, түпкі мәні маңызды. Біздің реформаларымыз қызыл сөзге емес, нақты іске негізделген. Басты мақсат – азаматтарымыздың болашаққа деген сенімін нығай-

тып, әл-ауқатын арттыру. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру үдерісінде атқаратын рөлі айрықша. Бұл – елімізде жүргізіліп жатқан жаңғыруларға негіз болатын қағидаттардың бірі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялылары баспасөзге түгел атсалысқанын, бұл салаға ағартушылық сипат бергенін атап өтіп, аға буынның осы сара жолын лайықты жалғастыру қажет екеніне тоқталды.

Жиында бірқатар журналиске Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлықтары, гранттары және Алғысы салтанатты түрде табысталды. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Президент сөзінің соңында былтырдан бері мереке қарсаңында журналистерге пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналғанын, бұл үрдіс биыл да, алдағы уақытта да жалғаса беретінін жеткізді.

ДЕРЕККӨЗ: Akorda.kz.

БРИФИНГ

ҮЗДІКТЕР ҮШІН

көзге түсе бермейтін жастардың еңбегі бағаланады

Алматыда жас мамандарға арналған республикалық «Jas Kenes Siylygy» байқауы басталды. Байқау жас мамандарды қолдауға және ынталандыруға бағытталған. Оның шарттары туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының өкілі баяндады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Jas Kenes Siylygy» – ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің бастамасымен құрылған тәуелсіз жастар сыйлығы. Осы кеңестің мүшесі, «Asar Ume» қорының басшысы Асхат Нұрмашев бай-

қау қоғамның маңызды салаларына үлесін қосып жүрген жас мамандардың еңбегіне назар аударуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Бұл сыйлықтың ерекшелігі сол, байқауда жиі көзге көріне бермейтін, көпшілік назар аударма бермейтін, бірақ қоғамға тигізіп жатқан пайдасы ұшан-теңіз жас еңбек адамдары тандалады. Біз

үздіктердің үздігін таңдайтын боламыз, – деді ол.

Брифингте сөз сөйлеген Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Қажденбек байқау жеңімпаздары бір миллион теңге көлемінде сыйлық алатынын атап өтті. Бұл жүлдеге еліміздегі 35 жасқа дейінгі азаматтар үміткер бола алады.

– Конкурса қатысуға өтінімді биылғы 18 маусым мен 18 шілде аралығында jaskenes.kz сайты арқылы беруге болады. Өтінімдер ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңесте белгіленген мерзімде қабылданады, – деп атап өтті спикер.

Сыйлық 2024 жылдан бастап жыл сайын келесі номинациялар бойынша беріледі: «Janqiarlyq» – құқық қорғау органдарының, авариялық-құтқару қызметтерінің және қоғамдық қауіпсіздік жүйесінің өзге де ұйымдарының өкілдері үшін; «Altyn jürek» – орта медициналық персонал үшін (жедел медициналық көмек, акушерлер және т.б.); «Önerkäsir» – өңдеу өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, агроөнеркәсіптік сектордың, тамақ өнеркәсібі ұйымдарының, энергетика секторының қызметкерлері және өндірістік сектордың басқа да өкілдері үшін; «Bolaзақ turaly qamqorlyq» – мектепке дейінгі,

орта, арнайы орта білім беру мекемелерінің педагогтары, сондай-ақ мамандандырылған қызметтер көрсететін инклюзивті оқу орталықтарының қызметкерлері үшін; «Adamgersılık» – балалар үйлерінің, қарттар үйлерінің, хоспистердің, жануарларға арналған баспаналардың және осындай әлеуметтік қызметтер көрсететін өзге де ұйымдардың өкілдері үшін; «Kömek qoly» – зардап шеккендерге және Қазақстанда және одан тыс жерлерде мұқтаж адамдарға ерікті көмек көрсетуді ұйымдастыруда өзін көрсеткен еріктілер үшін; «Bizdñ üi» – коммуналдық және инфрақұрылымдық қызметтердің өкілдері, ПИК, МИБ (сантехниктер, электриктер және т.б.) қызметкерлері, сондай-ақ елдімекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жауапты өзге де ұйымдар үшін.



САРАПТАМА

«МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ

отандық БАҚ-тың бағын аша ма?

19 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды. Президент 2022 жылғы Жолдауында Үкіметке БАҚ туралы заңды заман талабына сай қайта қарауды тапсырған еді. Қатардағы азамат бұл заң өзіне, елге қандай пайда әкеледі деген сұрақ қоюы мүмкін. Ендеше, осы сұраққа жауап берейік.

САЛАНЫҢ ДАМУ
ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Жалпы ақпарат саласы еліміз тәуелсіздік алғалы бері біршама өзгеріске ұшырады. Мұндай өзгерістер саяси конъюктураға тәуелді болды. Алғашқы министрлік 1999 жылы құрылды. Ол «Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі» деген атаумен 2003 жылға дейін өмір сүрді. Оны Алтынбек Сәрсенбайұлы басқарды. Ол басшы болған тұста 1999 жылы 23 шілдеде «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заң қабылданды.

Ақпарат саласының мәдениетпен қосарлануы сол кезеңнен бастау алды. Ал оның қоғамдық келісіммен бірге айтылуы сол кездегі қоғамдық-саяси, этникалық, тілдік мәселелерге байланысты еді. Бұл кезең әсіресе, билік пен оппозиция арасындағы текетіреспен ерекшеленді.

2001 жылы А.Сәрсенбайұлының орнына Мұхтар Құл-Мұхаммед тағайындалып, министрлік қайта құрылғанға дейін басшылық қызмет атқарды. 2004 жылы мемлекеттік-әкімшілік реформа нәтижесінде мемлекеттік орган «Мәдениет, ақпарат және спорт» министрлігі болып өзгерді. 2006 жылға дейін министрлікті Есетжан Қосубаев пен Ермұхаммед Ертісбаев басқарды. Алғашқысы 2004 жылы 24 қыркүйекте тағайындалып, 2006 жылы 18 қаңтарға дейін жауапты лауазымды атқарды. Кейін 18 қаңтар – 27 наурыз аралығында

Е.Ертісбаев қысқа уақыт басқарды. Алайда, ол Мәдениет және ақпарат министрлігі болып құрылғасын қайта тағайындалды. Осылайша 2008 жылға дейін министр қызметін атқарды.

Мұндай әкімшілік реформа билік пен оппозиция арасындағы текетірестің шарықтау шегіне жетуімен тұспа-тұс келді. Екіншіден, спорт саласын біріктіру тиімді болмады.

Е.Ертісбаевтан кейін 2008–2010 жылдар аралығында министрлікті қайтадан Мұхтар Құл-Мұхаммед басқарды. Ал 2010–2012 жылдары министрлік «Байланыс және ақпарат» деп аталды. Оны Асқар Жұмағалиев басқарды. 2012–2014 жылдары министрлік тағы да әкімшілік реформаланып, қайтадан «Мәдениет және ақпарат» деген атауға өзгерді. 2012–2013 жылдары Дархан Мыңбай басқарса, 2013–2014 жылдары үшінші рет Мұхтар Құл-Мұхаммед билікке келді. Бұл кезеңдерді бір сарапшылар саяси тұрақтылық десе, екіншілері саяси стагнация кезегі деп атайды. «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заң осы кезеңде, 2012 жылы қабылданды.

2016 жылы министрліктің атауы тағы өзгерді. Ақпарат және коммуникациялар министрлігін Дәурен Абаев 2019 жылға дейін басқарды. 2019 жылы министрлік «Ақпарат және қоғамдық даму» атауына өзгерді. Осы атаумен министрлік 2023 жылдың 2 қыркүйегіне дейін өмір сүрді. Бұл кезеңде 4 министр (Д.Абаев,



(Сурет «egemen.kz» сайтынан алынды).

А.Балаева, А.Омаров, Д.Қыдырәлі) ауысты. Осындай жиі ауысым факторын ескеретін болсақ, аталмыш кезеңді дағдарыстық уақыт деп атауға болады. Себебі, елдегі саяси билік транзитімен тұспа-тұс келді.

2023 жылы Президенттің халыққа Жолдауы арқасында Мәдениет және ақпарат министрлігі қайта құрылды.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ
ЖҮЙЕЛЕНЕДІ

19 маусымға дейін ақпараттық саланы реттейтін екі заң болды. Олар – «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Телерадио хабарларын тарату туралы». Алғашқысы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды, ал кейінгісі телерадио хабарларын тарату саласындағы қоғамдық қатынастарды, телерадио хабарларын тарату субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттеді. 19 маусымда қабылданған «Масс-медиа туралы» Заң ақпараттық саланы заманға сай жүйелендіріп, жоғарыдағы екі заңның күшін жойды.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заң А.Сәрсенбайұлы тұсында қабылданып еді. Содан бері заман өзгерді. Қоғамның қоғамдық-саяси талабы артты. Жаңа заң қоғамның талабын ескерді. Себебі, 1999 жылы әлеуметтік желі, ғаламтор туралы сөз де болмаған. Заңның қабылдануы ақпарат саласының жаңа кезеңінің басталғанын білдіреді. Әрине, заң болашақта тағы да өзгертін сөзсіз.

Жаңа заң мынадай ерекшеліктерге ие:

- БАҚ-пен қатар, интернет-ресурстарды да қамтитын «масс-медиа» деген жаңа әрі анағұрлым кең ұғым енгізілді;
- Мемлекеттік ақпараттық саясат жүзеге асырылатын Бірыңғай медиа платформа құрылады;
- Журналистер үшін қосымша құқықтық кепілдіктер белгіленген. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді;
- Шындыққа сәйкес келмейтін және азаматтардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан

келтіретін мәліметтерді теріске шығару туралы БАҚ-қа талап қою мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында мәліметтер жарияланған күннен бастап 1 жыл деп белгіленді;

- Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктері мен олардың журналистерін аккредиттеу тәртібі жетілдірілді;
- БАҚ-тың сұратуларын қарау мерзімі 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды;
- БАҚ-тың өз қызметін өзі реттеу мақсатында Заңда қоғамдық-кәсіптік кеңестер құрылады;
- Гранттық қаржыландыруды енгізу арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктері жетілдірілді;
- Ұлттық теле-радио хабарларын тарату мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттік тілдегі отандық теле-радио бағдарламалардың апта сайынғы көлемі 50 пайыздан 60 пайызға дейін ұлғайтылады;
- Отандық теле-радио арналарда шетелдік теле-радио бағдарламаларын ретрансляциялау көлемі 20 пайыздан 10 пайызға дейін төмендетілді;
- Өз-өзіне қол жұмсауды насихаттайтын ақпаратты өзін-өзі өлтірудің жолдары мен оған үндейтін ақпаратты таратуға және жариялауға тыйым салынады.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

ЖАҢАН ЖҮЗІНДЕГІ ЖУРНАЛИСТИКА

немесе бүгінгі баспасөздің беталысы туралы

Бүгін – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бұл күні ақпарат айдынының әр саласында қызмет етіп жатқан қызметкерлердің маңызы мен рөліне, жалпы саланың жай-күйіне назар аударатын күн. Екі күн бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар үздік БАҚ қызметкерлерін марапаттай отырып, реформалар мен жаңғыру кезеңіндегі ақпараттық қызметтің маңыздылығына да кенірек тоқталып өтті. Сондай-ақ, елімізде осы саланың дамуының маңыздылығын баса айтты. Әлбетте, өзге елдерге ұқсас Қазақстандағы журналистика саласының да өзіндік болмыс, бөгенайы бар. Сөйтсе де, жаһандық журналистиканың даму беталысы біздің де болашақ бағдарымыз болары анық. Сонымен, бүгінгі мерекеге орай жалпы жаһан жүзіндегі журналистика саласының жай-күйі туралы тоқтала кетуді жөн санаймыз.

СЫН-ҚАТЕР СЫРЫ

Билесіздер, адам құқығы мен бостандығы тұрғысынан ақпаратқа қолжетімділіктің және баспасөз бостандығының маңызы зор. Сондықтан да әлемнің көптеген елінде баспасөз бостандығына арнайы күнді белгілеп, осы бір нәзік күндылықтың маңыздылығын еске салып отырды. Баспасөз бостандығы күні әлем бойынша 3 наурызда аталып өтілетіндіктен, бұл күні әлем елдеріндегі баспасөздің хал-жағдайы сарапқа да салынатыны бар. Кейінгі екі жылда еліміздің баспасөз бостандығындағы индексі сәл де болса алға жылжып, Орта Азиядағы және жалпы Азиядағы баспасөз бостандығы біршама жақ-

сы қорғалатын елдер қатарында көрінді. Дегенмен сол екі жыл ішінде кейбір кері жылжулардың бар екенін жасыра алмаймыз. Ол да болса қасіретті қаңтар оқиғасының әсері және екі билік буыны арасындағы кейбір саяси жүрістердің ықпалынан болғаны түсінікті.

Атап өткеніміздей, жыл сайын Дүниежүзілік баспасөз бостандығы күні көптеген статистикалық мәліметтер жарық көреді. Шекарасыз репортерлер ұйымы секілді беделді ұйымдар әрі елдерді ортақ көрсеткіштер бойынша бағалайды. Олар негізінен сол елдегі плюрализм, БАҚ тәуелсіздігі, БАҚ ортасы және ішкі цензураның бар-жоғы, заңнамалық база, ашықтық, жаңалықтар мен ақпараттарды өндіруге

көмектесетін инфрақұрылымның сапасы сынды бағыттарды қамтиды.

КЕДЕРГІ ҚАЙДАН?

Кейінгі жылдары жалпы әлемде журналистердің жеке өмірі мен БАҚ-қа қарсы құқық бұзушылық көбейген. Бұл халықаралық қауымдастықты да алаңдатып отырған жайт. БҰҰ мәліметтеріне сенсек, кейінгі екі жылда журналистерге қарсы құқық бұзушылық рекордтық сандармен өсіп келеді. Осымен қатар әр ел үкіметтері қоғамның сенімді, тәуелсіз және алуан түрлі мәліметтер мен ақпаратқа құқығы үшін кепіл бола алуы бұрынғыдан гөрі төмендей түскен. Статистикаға қарай отырып баспасөз бостандығы мен жалпы журналистиканың дамуына қарсы кедергілердің көбеюін жаһандық тенденцияға жатқызуға да болады. Бірақ сөз бостандығы мен журналистика саласы тұрақты түрде еркін дамып келе жатқан елдердің бар екенін ескеру керек. Егер әлемдік деңгейде журналистиканың дамуына басты кедергілерді санамалай көрсетсек, олар мыналар:

- Саяси қысымдардың көбеюі – әлем елдерінде билік тарапынан немесе өкілетті тұлғалар жағынан журналистерге қарсы қысымдар көбейген.
- Жалған ақпараттар – блогерліктің, жалтыға бірдей әлеу-

меттік желілердің дамуы жалған ақпараттармен күресті тіпті де қиындатып жіберген. Түрлі саяси науқандарға байланысты да жалған ақпараттар әр елдегі БАҚ-тың жұмыс сапасымен беделіне әсер етуде.

- Журналистердің жұмысына кедергі келтіру – БАҚ қызметкерлері өзіне берілген ақпарат алу құқығына қарамастан, кәсіби жұмысына кедергі келтіру де жалғандық тенденция деңгейінде. Тіпті, бұл үрдіс сөз бостандығы жақсы қорғалған елдерде күшейіп келе жатқан үрдіс екені алаңдатады.
- Ақпарат құралдарына бағытталған цензура – көптеген елдің саяси билігі жағынан мақсатты белгіленген цензура ең басты кедергілердің бірі болып қалауда.

КӨРШІЛЕР ҚАЛАЙ?

Өкінішке қарай, Қазақстанның айналасындағы елдер мен аймақтарда журналистиканың дамуы, сөз бостандығы мәселесі көңіл көншітпейді. Батыс елдері Ресейді тәуелсіз журналистиканы шектеудің жүйелі әрекеттерін жасап жатыр деп сынга алады. Әсіресе, Украинада соғыс басталғаннан кейін шетел асып кететін журналистер саны күрт өсіп, мындап саналған. Ресеймен салыстырғанда кейінгі жылдары еліміз-

дегі жағдай біршама жақсы. Баспасөз бостандығы индексіне Ресей 180 елдің ішінде 162-ші орында. Каспий теңізінің арғы бетіндегі көршілерде де жағдай мәз емес. Бұған дейін тәуелсіз ақпарат көздері көбейген және сөз бостандығы қарқынды дамыды деп саналатын Грузияның өзінде үлкен шегініс бар. Бұрын 77-ші орынға дейін көтерілген ел биылғы есепте 103-орынға бірақ сырғыды. Ал бауырлас Әзербайжанда үлкен өзгеріс жоқ, тізімде Ресейден де екі орын төмен тұр.

Ал Орта Азияда тәуелсіз ақпарат көздерін ең көп шектейтін ел ретінде Түркіменстан аталады, аталған бағанда 175-ші орында қалды. Шекарасыз репортерлер ұйымының есебінше, Орта Азияда Қазақстан мен Қырғызстан салыстырмалы түрде баспасөз бостандығы қорғалған елдер саналады. Алайда, Қазақстанның ондағы орыны былтырғымен салыстырғанда 8-орынға артқа жылжыды. Бұның жоғарыда атап өткендей себептері бар болуы мүмкін. Ал сарапшылар жақында қабылданған масс-медиа туралы жаңа заң елімізде сөз бостандығы мен журналист құқығының қорғалуына оң әсер береді деп санайды.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАҢА ЕМХАНАҒА
ТІРКЕЛЕМІЗ!Медициналық мекеме ауысымына
240 адам қабылдайды

Жетісу ауданына жұмыс сапары барысында қала әкімі Ерболат Досаев 2023 жылы емхана ретінде сатып алынған ғимаратты қайта жаңартумен және күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Райымбек даңғылы, 263/2 мекенжайындағы жаңа медициналық мекеме медициналық-санитарлық алғашқы көмектің (МСАК) бірыңғай стандартына сәйкес жұмыс істеуге көшкен. Ол былтырдан бастап Алматыда енгізіле бастаған. Жалпы ауданы 1547 шаршы метр болатын 4 қабатты ғимарат №33 емхананың балансына берілді. Үй-жайды ішкі жөндеу және әрлеу аяқталды. Медициналық жиһаз және жабдық сатып алынып жатыр. Бір ауысымда 240 адам қабылдауға есептелген емханаға Жетісу ауданының 30 мың тұрғыны тіркеледі. Бұрын Алмалы ауданының №5 және №8 емханасына медициналық көмекке жүгінген «Жұмысшылар кенті» алабының және жақын маңдағы шағынаудан тұрғындарына «Қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша сапалы медициналық қызмет көрсетіледі.

Гинеколог, отоларинголог, офтальмолог, невропатолог, функционалдық диагностика дәрігері, кардиолог және т.б. жалпы 234 жоғары білікті маманнан тұратын медициналық мекеменің штаты қалыптасып жатыр. Қала басшысына қазіргі уақытта медициналық лицензия алу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқаны баяндалды. Сонымен қатар, санитарлық талапқа сәйкес болу үшін жақын жерде орналасқан көлік жуу орнын сатып алу қажет. Жақын маңдағы алаптардың тұрғындары әкімге медициналық мекеменің ашылуын асыға күтетінін айтты. Жер иесі ұсынылған өтемақымен келіспеген көрінеді. Енді жер телімін алып оқу мәселесі сот арқылы шешіледі, содан кейін медициналық мекеме алғашқы пациентті қабылдауға кіріседі.

Жетісу ауданында қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету және медициналық көмектің сапасын арттыру аясында биыл тағы екі жаңа емхана ашу жоспарланған. Атап айтсақ, Омаров көшесіндегі бір ауысымда 300 келушіге және Нүсіпбеков көшесінде бір ауысымда 200 келушіге арналған емхана. Ол үшін қала әкімдігі медициналық мекемеге қойылатын талапқа сәйкес ғимараттарды сатып алды. Қазір онда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ДИАЛОГ

ТҰТЫНУШЫ ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН БІЛСЕ ИГІ
Алматылықтарға мобилді заң қызметі көмектеседі

Алматы қаласының сауда орындарында «Сапалы өнім» туралы және жаңа заң жобаларының нормаларын түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жылжымалы мобилді заң қызметі жұмысын жалғастыруда. Мақсаты – тұрғындарға тұтынушылық құқықтарын қорғай білуі үшін ақпараттық кеңестер беру.

Жылжымалы мобилді заң қызметінің мүшелері түсіндірме барысында «Сапалы өнім» жобасының басты міндеті – ішкі нарықта азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанын және жаңа заң жобасы қоғамның өмір сүру сапасын арттыруға, тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелерінде үкіметтік емес институттардың рөлін күшейтуге бағытталғанын халыққа жеткізу. Сала мамандары ашық алаңда, еркін форматта өткізіп жүрген жүздесулерде осы мәселелерді түсіндіруде. Ал өз кезегінде қала тұрғындары да толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, пікірлерімен бөліседі.

ТАЗАЛЫҚ

«АЛМАТЫ ЖАЗЫ»
қалалық акциясы басталды

Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» жалпы республикалық акциясын іске асыру және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанын жалғастыру аясында биыл 26 маусым мен 6 шілде аралығында субұрқақтарды, өзендер мен су айдындары жағалауларын, арық желісі, қоқыс алаңдары, ағашты санитарлық мақсатта кесу, жол инфрақұрылымын (аялдама кешендері, бағдаршам нысандары, жол көрсеткіштері мен белгілері) тазарту бойынша «Алматы жазы» акциясы басталды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Алматыда 150 субұрқақ бар, оның 66 коммуналдық (60-ы штаттық режимде, 6-ы қайта жаңартылып жатыр) және 84-і жеке аумақта. Коммуналдық меншіктегі субұрқақтар 1 мамырдан 25 қазанға дейін күн сайын сағат 8.00-ден 23.00-ге дейін профилактикалық іс-шаралар (тазалау, жабдықтарды тексеру) кезінде өшіріліп, кестемен жұмыс істейді. Субұрқақты тазалау кестесіне сәйкес, субұрқақтың суы ай сайын ағызылып, жабдықтар тексеріліп, арнайы құралдармен тостағаны жуылып, тазартылады. Кейде коммуналдық субұрқақтар апаттық-қалпына келтіру жұмысын жүргізу және ағымдағы жөндеу (кабельді ауыстыру, сорғылар мен қозғалтқыштарды ауыстыру немесе жөндеу, гидроқоқшаулау, қаптаманы жөндеу) үшін өшіріледі.

Жеке аумақта орналасқан субұрқақтардың жағдайы мәз емес, қараусыз қалған, жұмыс істемейді немесе меншік

ОТАНДЫҚ БИЗНЕС

ПОЛИПРОПИЛЕН ӨНДІРІСІ
дамудың рекордтық
қарқынын көрсетті

2023 жылдың қорытындысы бойынша, нарықтағы отандық полипропилен шикізатының үлесі 65%-дан асты. Ал 2024 жылдың 2-тоқсанының қорытындылары бойынша, нарықтағы қазақстандық полипропиленнің үлесі 75%-дан асуы мүмкін. Жыл соңына қарай 45,5-46 мың тоннаны құрайды, бұл отандық өндеу өнеркәсібі үшін жаңа рекорд болмақ.

Мұндай жетістікке отандық «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» (KPI) зауытының іске қосылуының арқасында жетіп отырмыз. Қазақстандағы полипропилен нарығы 2022 жылға дейін импортқа қатты тәуелді болды. Жалпы оның үлесі 60–95%-ды құрайтын. KPI зауыты 2022 жылы қарашада ашылып, импортқа тәуелділік мәселесі оң шешімін тауып жатыр. Бұл жоба отандық полипропилен шикізатының өндіріс құнын да азайтты. Биыл өзге елдермен салыстырғанда оның бағасы арзан. Мысалы, гомопопиленнің (полипропиленнің ең танымал түрі) тоннасы Қытайда 850–900 доллар, Еуропада – 1200 доллар, Түркияда – 1135–1150 доллар болса, отандық өнімнің құны 961 долларды құрайды.

Пердехан ШӘМШИЕВ.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

Алматыда биыл ұзындығы 250 шақырым болатын 274 көше орташа жөндеуден өтеді. Осылайша 92%-ға дейін жолдың үлесін жақсы және қанағаттанарлық жағдайда жеткізу жоспарланған.

ТАҚТАЙДАЙ
ТҮЗУ ЖОЛДАРҚай көшеде орташа жөндеу
жұмыстары жүріп жатыр?Кұралай
ЖҰМАДІЛОВА

Қалалық мобильділік басқармасының хабарлауынша, жұмыс барлық ауданда басталған. Бұл ретте 20 магистральдық көшені жөндеу 25 тамызға дейін, ал аудандық көшелерді қазан айының соңына дейін аяқтау көзделген.

«Қазір қозғалысты шектеуді қажет етпейтін жұмыстар жүргізілуде. Бұл тротуар төсеу, түнде асфальт жабынын қыру жұмыстары. Полимерасфальтбетонды төселген соң технология бойынша 36 сағат тұру керек, сондықтан жол ішінара жабылады», – деді басқарма басшысының орынбасары Ернұр Әбжахан.

Сонымен, Дулати даңғылында әл-Фараби даңғылынан Набережная көшесіне дейін, Жандосов көшесінде Тимирязев көшесінен Манас көшесіне дейін, Өтегенов көшесінде Қ.Тауасарұлы көшесінен К.Салықов көшесіне дейін, Березовский көшесінде Гагарин даңғылынан Розыбакиев көшесіне дейін, Қабдолов көшесінде Өтеген батыр көшесінен Саин даңғылына дейін, Тұрғыт Өзал көшесінде Төле би көшесінен Райымбек даңғылына дейін, Сүйінбай даңғылында Бекмаханов көшесінен Лавренев көшесіне дейін және т.б. жұмыс басталды.

Жөнделетін көшелердің аумағында мердігерлік ұйым басшыларының байланыс ақпараты бар арнайы стендтер орнатылады. Көлік қозғалысын шектеу қала тұрғындарына БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабарланады, сондай-ақ жөнделетін учаскелер «2Гис» және «Яндекс карты» сервистерінде көрсетіледі.

Естеріңізге сала кетейік, шаһар тұрғындарына ыңғайлы болу үшін жол инфрақұрылымына арналған арнайы Telegram арнаының @AlmatyJolybot чат-боты іске қосылды. Ол арқылы тұрғындар қала жолдарындағы шұңқырларды жөндеуге өтініш бере алады.

Айта кетейік, мегаполисте қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін орташа жөндеу жұмыстары кезінде көлік қозғалысы мейлінше аз шектелетін болады.

Нұр ЖАМАЛ.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

2 трлн теңгеге жуық өнім өндіріді

«Алматы индустриалды аймағы» – ірі өнеркәсіптік және өндірістік бизнес-жобаларға арналған аумақ. АИА 2015 жылы жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету және Алматыда өнеркәсіптің басым салаларын дамыту үшін құрылған. Аумағы – 490 га, оның ішінде жобаларға 326 га, инфрақұрылымға – 164 га бөлінген. Қосылған құны жоғары және экспорттық әлеуеті бар технологиялық, инновациялық өнімдерді шығаруға, сондай-ақ жаңа сапалы жұмыс орындарын құруға бағытталған инвестициялық жобаларға артықшылық беріледі.

Қазіргі уақытта Алматы индустриалды аймағында орналасқан 102 компания машина жасау, өндіріс, құрылыс, логистика, тамақ, химия және аграрлық өнеркәсіп және т.б. салаларында өнім өндіреді. Барлығы 14 246 жұмыс орны құрылған. 2015 жылдан бастап АИА қатысушылары 53,7 млрд теңге сомасында салық төлеген.

Бүгінгі күні шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Алматы бизнес – 2025» бағдарламасы шеңберінде Алматы индустриалды аймағында шағын өнеркәсіп парктөрін дамыту бағдарламасы іске асырылып келеді. Онда кәсіпкерлер дайын өндірістік үй-жайларды жеңілдетілген шарттармен жалға ала алады. Айта кеткен жөн, қазіргі уақытта Алматыда жалпы ауданы 46 мың м² болатын 11 өнеркәсіп паркі іске қосылған. Өнеркәсіп парктөрінде 76 резидент орналастырылып, 1074 жұмыс орны құрылды. Жалпы ауданы 100 мың м² асатын тағы 26 өнеркәсіп паркін іске қосу жоспарлануда. Оның 5-еуі 2024 жылы, 21-і 2025 жылы ашылады, бұл қосымша 3400-ден астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

– Әкімшіліктен 40 сотық жерді индустриалды аймақтан алып, шағын өнеркәсіп паркін салдық. Оның салынғанына 2 жылдан асты. Қазір біздің өнеркәсіп



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

паркінде 5 компания жұмыс істейді және әртүрлі өнім өндірумен айналысады. Бірі темірмен жұмыс істейді, бірі парфюм өнімдерін шығарады және т.б. Мұндай шағын өнеркәсіп парктөрін компанияларға ыңғайлы, себебі электр қуаты, су, кәріз жүйесі және газ қосылған. Жалпы мұнда 50–60 адам еңбек етеді. Енді жаңа жобаларымыз бар. 4 мың м² аймақта тағы бір шағын өнеркәсіп паркін салып жатырмыз. Оған 4 компания келеді деп жоспарлап отырмыз, – деді инвестор Дулат Әсетов.

Ресми мәліметке сәйкес, Алматы индустриалды аймағын дамытуға салынған 1 бюджеттік теңгеге жеке инвесторлардың 5,5 теңгесі тиесілі. Бұл ретте бюджеттік инвестициялар төленген салықтар есебінен толық көлемде қайтарылған. Сонымен қатар, бизнестің үлкен сұранысына байланысты АИА-ның пайдалы алаңы 95%-ға игерілген.

– Қала әкімдігі Алматы индустриалды аймағын 194 гектарға кеңейту бойынша жұмыс жүргізді. Қазіргі уақытта аумақты кеңейтудің екінші кезеңінің инженерлік-көлік инфрақұрылымын салуға техникалық-экономикалық негіздеме және жобалау құжаттамасы әзірленген. Мемлекеттік сараптаманың жобалық құжаттамасынан өткеннен кейін 2024–2026 жылдары құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін қаржыландыру мәселесі шешілетін болады. АИА-ның кеңейтілетін аумағында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру 235 млрд теңгеден астам инвестиция тартуға, қала экономикасына жалпы мультипликативтік әсер көрсетуге және қосымша 9 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді, – деді «Алматы индустриалды аймағы» ЖШС Бас директоры Әлішер Сатыбалдиев.

ӘУЕЖАЙ

(Басы 1-бетте)

– Біз автотұрақ аймақтарын жаңартуға және қайта жабдықтауға кірістік. Біздің автотұрақтың сыйымдылығы алдыңғы 900 тұрақ орнынан 1300 тұрақ орнына дейін артады. Біз аумақты біртіндеп жаңартуды және көпқабатты автотұраққа қосылатын көпірді жөндеуді жоспарлап отырмыз, – деді әуежай басшысы.

Айтылған сын ескеріледі

Баспасөз туры кезінде халықаралық әуежайдың жақында тағайындалған президенті Гокер Косе жаңа терминалға қатысты әлеуметтік желіде айтылған сынға да жауап берді.

«Инфрақұрылым бойынша біз барлық жұмыстарды аяқтадық. Бірақ кейбір коммерциялық аймақтар әлі салынып жатыр. Ескі терминалдан жаңасына көшу кезінде қиындықтар туындады. Жолаушылар мен олардың жүктерін қабылдау технологиялары және жаңа жабдықтар орнатылып жатыр. Кейбірі толық орнатылған жоқ. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғалар болып жатыр. Бірақ жақын уақытта ондай келеңсіздіктер толықтай шешіледі деп уәде бере аламын. Ұшақ қонған сәттен бастап, жүк алған сәтке дейінгі уақытты 45–50 минутқа жеткізіміз», – деді ол.

Алматы әуежайының президенті жаңа терминал бүгінге дейін 1,5 мың рейсті қабылдағанын және күнделікті 16 мың жолаушыға қызмет көрсетіп жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, Гокер Косе алматылықтарды уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауға шақырып, орынды сынды қабылдауға дайын екенін айтты.

«Иә, сыннан хабарым бар. Өткенге қарайтын болсақ, ескі терминалдың сыйымдылығы 2,5 миллион болды. Алайда, біз 10 миллионға дейін жолаушыға қызмет көрсеттік. Екіншісі, біз жаңа терминалға тез арада көшуге мәжбүр болдық. Егер біз бұл терминалға көшіп кеткенде көптеген рейстерден бас тартуға тура келетін еді. Көшу кезінде әрине, келеңсіз жағдайлар болып тұрады. Біз орынды сынға дайынбыз және ол бойынша жұмыс істейміз. Әлемдік тәжірибеден жұмыс істеп жатқан терминалдан жаңа терминалға көшу және екеуін бір уақытта басқару өте қиын екенін білеміз. Еуропада бұл 4 жылға дейін созылатын еді. Біз мұны 2 жылда жасай алдық. Бұл жылдамдықпен келе жатқан көліктің деңгелегін ауыстыру секілді», – деп атап өтті Гокер Косе.

Ескі әуежай қайта жанданады

Өткен аптада Алматы әуежайының ескі терминалында реконструкциялау жұмыстары басталған. Бұл мәселеге тоқталған мекеме басшысы Гокер Косе ескі терминалды жөндеу жұмыстары 2025 жылдың қазан айына дейін аяқталатынын атап өтті.

– Осы аптада біз ескі терминалды реконструкциялау бағдарламасын бастадық. Ескі терминалда жүктерді өңдеудің жаңа жүйесін орнату, тіркеу бөлмелерін

ЖАҢА ТЕРМИНАЛ

заман талабына сай ма?



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

AIR ASTANA БІРНЕШЕ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

Air Astana тобы 24 маусымда Ұлыбританияның Fairmont Windsor Park-інде өткен беделді World Airline Awards 2024 салтанатты рәсімінде жоғары марапаттарға ие болды.

Air Astana әуекомпаниясы он екінші рет Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы деп танылып, сегізінші рет «Орталық Азия мен ТМД-да үздік борттық қызмет көрсету» марапатына ие болды. Бұдан басқа, Air Astana-ға тиесілі FlyArystan бюджеттік әуекомпаниясы екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» марапатына ие болды.

«Өңірдегі үздік қызметіміз үшін тағы да жоғары баға алғанымыз үлкен мәртебе. Бұл марапаттар Air Astana мен FlyArystan-дағы бүкіл командамыздың жоғары стандарттарды ұстануда және әрбір рейсте біздің клиенттеріміздің қанағаттанушылығын қамтамасыз етудеген адалдықты көрсетеді. Осы беделді наградаларды алу біздің қызмет көрсетудің барлық аспектілерінде кемелденуге мызғымас адалдығымызды көрсетеді», – дейді Air Astana Group бас атқарушы директоры Питер Фостер:

2023-2024 онлайн-сауалнамасы 2023 жылғы қыркүйектен 2024 жылғы мамырға дейін алты тілде өткізілді және оған 100-ден астам ұлттан 21,42 миллионнан астам адам қатысты және 350-ден артық әуекомпанияны қамтыды.

кеңейту, жаңа қауіпсіздік жабдықтарын орнату және әртүрлі аумақтарды жаңарту жұмыстары істеледі. Біздің ішкі рейстеріміздің өткізу қабілеті 6 миллион жолаушыға дейін жетеді. Ол бүгінде 1 миллионнан да аз, – деді Гокер Косе.

Сондай-ақ, әуежай президенті жаңа ұшу-қону жолағы 2027-2028 жылдарға қарай салынатынын айтты. Бүгінгі күні әуежайда бір ғана ұшу-қону жолағы бар.

– Әуежайда 3380 жұмысшы бар. Оның қаншауы

шетелдік екенін нақты айту қиын. Өйткені, кей шетел азаматтары уақытша жұмыс істейді де, сосын кетіп қалады. Біз жаһандық компаниямыз. Сондықтан әуежайда Франция, Үндістан, Түркиядан келген жұмысшыларды көруге болады. Бірақ іссапармен келетін жұмысшылар саны ауысып тұрады. Жұмыс тұрақтанған соң шетелдік жұмысшылар үлесі 20%-дан аспайды деп ойлаймын, – деді ол.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ҒАЛАМШАР

АСПАН ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Оқушылар сарайы БАҚ өкілдеріне арнап обсерваторияға
баспасөз турын ұйымдастырды

Қаламыздағы Оқушылар сарайының тарихы 1983 жылдан бастау алса, обсерватория да осы жылы ашылған еді. Аталмыш обсерватория сарай ғимаратының композициялық шешіміне үйлесімді түрде тоқылған әрі галактиканың спиралы іспетті. Сол кезде осы жобаны қолға алған автор В.Ким «барлық балалар жұлдыздарды жақсы көреді, сондықтан бұл орында да олар жиі бас қосатын болады» деп түсіндірген еді. Кез келген баланың ғарышкер болуды армандайтыны анық. Ал обсерватория сол армандарды жүзеге асыратын алаң.



керемет әрі сапасы жоғары. Сонымен қатар, телескоптар объектілердің ең кішкентай бөлшектерін, тіпті ғарыштың терең айлағын да көруге мүмкіндік береді. Жоғары оптикалық технологиялар зерттеушілерге таңғайып визуалды эффектілерді ұсынады.

Сондықтан бүгінде бұл обсерватория қаланың жас тұрғындары үшін ғарыш саласындағы зерттеулер, планеталар мен галактикаларды іздеу, соны жаңалықтар ашу орнына айналып отыр. Тур барысында Мәжіліс залында ғылыми-техникалық бөлімнің оқушысы Шолпан Аманкелді «Venus – SAT.kz» спутнигін таныстырды. Шыны керек, біздің әрқайсымызды аспан денесі, зеңгі көк жиі ойландырады. Қысқасы, ғарышқа ғашықпыз, үнемі осынау саланың қыр-сырын білгіміз келіп тұрады. Геоинформатика, физика, биология, схема, бағдарламалау, космонавтика, химия және басқа да көптеген байланысты ғылымдарды біріктіре отырып, экожүйені қалай сақтау және қалпына келтіру туралы жиі ойлаймыз. Алматылық жас ғалым Шолпан Аманкелді туралы біздің «Ақшам» бетінде бірнеше мәрте жазылды. Өйткені, бізді қызықтырған сан алуан сұрақтың жауабын Шолпан өз наноспутнигін ойлап тапқан кезде тапқан сыңайлы.

Жас ғалым Шолпанның басты мақсаты – Жердің стратосфералық қабаттарының жағдайы және жерге жақын ғарыш кеңістігіндегі астрономиялық қозғалыстар туралы өзекті ақпаратты жинап, еліміздің игілігі үшін пайдалану. Жас өнертапқыштың ойлап тапқан ғарыштық спутнигі әртүрлі датчиктер алған деректерді өңдеуге және таратуға арналған микрокомпьютерден тұрады.

– Менің жобам, яғни наноспутнигім осы жылғы 26 мамырда жерден 29,7 км биіктікке 5 сағат 15 минутта ұшырылды. Шамамен, ол ауада 10, 5 сағаттай болды. Осы уақыт ішінде мен жоғалып кетті ме деп қатты толқидым. Наноспутник бұрынғы Семей полигоны ауданында экожүйені сақтау және қалпына келтіру үшін ақпарат жинады. Сәтін салса, болашақта наноспутниктің моделін жетілдіру және оның негізінде қазіргі экономиканың әртүрлі бағыттары үшін деректерді жинау, сақтау және визуализациялау үшін көпфункционалды хаб құру міндеті тұр. Жалпы, менің алға

қойған мақсатым өте көп. Қазір сол армандарға қол жеткізу үшін жан-жақты ізденіп, білімімді шыңдап жатырмын. Болашақта еліміздегі инновациялық технологиялар саласын дамытсам деймін. Аталмыш саланы цифрландыруға, автоматтандыруға, роботтандыруға көшіп, Еуразия кеңістігінде жоғары технологиялық өндірістерді дамытсам деймін. Қазір мені әлемнің 6 мемлекеті шақырып, оқу орындарына оқуым үшін грант тағайындап отыр, – дейді жас өнертапқыш Шолпан Аманкелді.

Ерекше қабілет иесі Шолпан зеректігінің арқасында Оқушылар сарайының ғылыми-техникалық шығармашылық бөлімінде білім алып жүр. Елімізде тұңғыш өткен «Digital Almaty – 2023» халықаралық форумына қатысып, әлемнің 30 елінен келген халықаралық және Қазақстандық IT-қоғамдастық өкілдеріне өзінің «CubeSat» (наноспутник) жобасын көрсеткен еді. Шолпанның жаңалығынан құлағдар шетелдіктер оның бұл жобасына аса қызығушылық танытып, бірлесе еңбек еткісі келетіндіктерін білдірген еді. Шолпанның ұстазы Валерий Никифоровтың айтуынша, аталмыш жобаны әлі де толықтыра түспекші. Өйткені, Шолпанның ашқан жаңалығы келешек үшін аса маңызды. Жас өнертапқыш өзі ашқан жаңалығын дәлелдеп, патент иесі атанып отыр.

Айтпақшы, Шолпан Аманкелді өзінің наноспутникті ұшыру процесінің бейнетрансляциясын 1 маусым күні Алматы қаласында өткен «Jas Galym» Ғылым фестивалінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа табыс етті.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Алматыда орташа айлық
жалақы **454** мың
172 теңгені құрады.Индустриалды аймақта
2 трлн теңгеге өнім
өндірілді.Мамыр айынан бастап
800-ден астам
алматылық пәтер кілтін
иеленді.Мегаполисте
9000-нан астам жас
комьюнити-орталықтың
арқасында жұмысқа
орналасты.Алматыда биыл
ұзындығы
250 км болатын
274 көше орташа
жөндеуден өтеді.

ЖОБА

СТАРТАП БАЙҚАУЫНДА ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛАДЫ

Samsung Electronics компаниясының Solve for Tomorrow республикалық стартап байқауының жаңа маусымы басталды. Ayala қайырымдылық қорының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жоба төртінші жыл қатарынан өткізілуде және бұл жолы үміткерлердің рекордтық санын жинады. Жарысқа қатысуға 2500-ден астам жоғары сынып оқушысы өтініш білдіріп, 10 миллион теңге жүлде қорын сарапқа салады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

стартапты таныстыру мақсатында жобаларын әзірлеп, жетілдірмек.

Бірінші тәлімгерлік сессиясы 22 маусымда өтті. Оған Алматы, Астана, Тараз, Қостанай, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе, Павлодар және басқа қалалардан 120-дан астам жоғары сынып оқушылары қатысты. Қатысушылар дизайн ойлау тәжірибесімен танысып, бұл олардың жобаларының әлсіз жақтарын анықтауға және оларды түзетуге көмектесті. Баяндамашы Қазақстандағы ең үздік дизайн мамандарының бірі Давид Туганов болды.

«Тәлімгерлік сессиясы біз үшін өте пайдалы болды. Біз жобамызға басқаша көзқараспен қарап, оның қай жері дұрыс емес екенін түсіндік. Дизайн ойлау құралдарын пайдалана отырып, Давид бізге жақтай бағытта қозғалу туралы және жобаны қалай пайдалы ету керектігін көрсетті. Жарыстың маған ұнағаны, мұнда сізді жай



Solve for Tomorrow – бұл ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) арқылы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған ұлттық дода. Байқау 2009 жылы АҚШ-та құрылып, содан бері әлемнің 23 еліне тарады. Қазақстанда ол енді ғана танымал болып келеді. Биылғы жарыста Қазақстанның түкпір-түкпірінен 700-ге жуық мектеп командасы өтінімдерін жолдады. Бір ай ішінде қазылар алқасының мүшелері оларды мұқият зерттеп, жартылай финалдық кезеңге өтуге үміті бар және ең қызықты 35 жобаны таңдады. Енді жартылай финалистер жаз бойы қарқынды дайындықтан өтеді. Кәсіби тәлімгерлердің көмегімен студенттер идеяларын іске асыру керек. Яғни дайын



ӘРІПТЕС СӨЗІ

«АРҚАЛАҒАНЫ – АЛТЫН, ЖЕГЕНІ – ЖАНТАҚ»

Төртінші билік өкілдері сөз алады

Журналист – қоғамның ғажабын да, жақсылығы мен жаманын да бүкпесіз жеткізетін мамандық иесі. Бірақ сол қиындығы мен қызығы қатар жүретін «сала қызметкерлерінің мәртебесі қандай, құқығы қорғалып жүр ме?» деген сауалдар көлденең шыға келеді. Мәртебе демекші, күні кеше жаңа заң қабылданып, «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енді. Осы орайда медиа-сарапшылардың ойын білген едік.

Ғалия ӘЖЕНОВА,
медиа-сарапшы:

ШИКИ ТҰСТАРЫ ДА БАР...

БАҚ туралы заңда журналистердің құқығы мен міндеттері толық жазылған. Бірақ біз бұл заңның 25 жыл бұрын қолданысқа енгенін ескерсек, одан кейін біршама уақыт өтіп, қырық жамау өзгерістер мен толықтырулар болғанын білу қиынға соқпайды.

Жақында «Масс-медиа туралы» жаңа Заң шықты. Бірақ онда принципалды мәселелер шешілмеген. Менің ойымша, бұл заң әлі де шикі. Журналистің қызметін жеңілдету үшін ең бірінші мынадай мәселелерді шешуіміз керек еді. Мәселен, қоғамдық пікір мен қоғамдық тұлға деген ұғымдар заңмен бекітілуі керек. Бізде «Қоғамдық тұлға кім?» деген түсінік жоқ.

Екіншіден, ақылы материалдардың арнайы маркировкасы болу керек деген ұсыныс жасалды. Журналистер ақылы материалдарды жазып, елге ұсынады. Ол объективті болуы үшін БАҚ-қа жарияланғанда материал ақылы екені көрсетілуі керек. Бізде жарнама материалдарының өзі салмақты, елге өтімді болғандықтан, халықтың мәтінді талдауға қабілетін арттыру үшін осы мәселеге назар аударуымыз керек.



Жаңа заңның ұтымды жақтары да жоқ емес. Қазақ тілді және отандық контенттің үлесін 50 пайыздан 60 пайызға дейін ұлғайту – көңілге қонымды шешім.

Отандық теле-радио арналарда шетелдік теле-радио бағдарламаларын ретрансляциялау көлемі 20 пайыздан 10 пайызға дейін төмендеді. Ал бұл тіпті түсініксіз жағдай. Біздің орыстелдік жерлестеріміз әлі күнге дейін Мәскеуден шығатын «Бірінші арна» мен өзге де ресейлік арналарды қарайды. Ал ол телеарналарда Қазақстан мен басқа елдерге қатысты балағат сөздер айтылып жатыр. Екі күннің бірінде біздің ішкі саясатымызға қол сұғуда. Тарихымызды бұрмалап, ұлтымызды қорлайтын бағдарламалар барын көріп жүрміз. Ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін бағдарламаларды ретрансляциялауға заңмен тыйым салынуы керек. Мүмкін бұл жерде мен түсінбейтін терең саясат жатқан шығар. Мәселе – көршілердің телеарнасын жабу емес, сананы улайтын, ұлтты қорлайтын, жерімізге көз сүзетін тақырыпта әңгіме айтылатын бағдарламаларды көрсетпеу керек. Геосаяси жағдайға байланысты мәселелерді бақылауда ұстау керек.

Журналистің сөз бостандығына, оның қауіпсіздігіне, жалпы конституциялық қағидаларды сақтау мақсатында қызмет ететін журналистің алаңсыз қызмет етуіне жағдай жасай алмай келеміз.

Заңның елдегі БАҚ қызметкерлеріне сәйкес келмейтін тұстарын айта кеткен жөн. Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы журналистер

ке өзінің негізгі кәсіби қызметімен айналысуға мүмкіндік береді. 20-бабында ақпаратты іздеу, сұрау, алу және таратуға құқығы бар екендігі баса айтылады. Журналист өзінің кәсіби міндеттерін пайдалану кезінде үнемі ақпарат іздеу керек. Өкінішке қарай, кейінгі жылдары журналистерге ақпарат алу қиындап кетті. Мәселен, журналист бір мекемеге ақпарат алу үшін хабарласса, ақпарат беретін адамға дейін бірнеше адаммен байланысуға тура келеді. Журналист мекемеге хат жазғанын өзінде ол хат тиісті жерге уақытылы баруы екіталай немесе журналист қанағаттанатын жауап келмеуі мүмкін.

БАҚ-тың сұратуларын қарау мерзімі 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқарды. Кейде шұғыл ақпарат алу керек кезде бес күннің өзі ұзақ болады. Қазір-ақ жауап бере салатын сұрақты созбалап, «әлі бес күніміз бар» деп жүріп алатындар бар. Мұндай жағдай қазір де болып жатыр. Өзіне белгілі, білетін нәрселерді журналистке бірден айта салуына болады. Олар жалтақтап, басшым не дейді деп қарап отырады. Осындай қорқақтық, жалтақтық журналистиканы артта қалдырып келеді.

Журналистер үшін қосымша құқықтық кепілдіктер белгіленген. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді. БАҚ-қа шындыққа сәйкес келмейтін және азаматтардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығару туралы талап қою мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында мәліметтер жарияланған күннен бастап 1 жыл деп белгіленген. Меніңше, оң өзгерістер осылар.

Думан СМАҚОВ, Factcheck.kz
сайтының бас редакторы:

МӘРТЕБЕМІЗ БИІК ПЕ?



Қоғамда журналистердің статусы бар. Ол статус Қылмыстық кодексте де белгіленген. Журналистің қызметіне кедергі келтіруге тыйым салынған. Одан бөлек, Бұқаралық ақпарат туралы және жақында қабылданған «Масс-медиа туралы» Заң бар. Егер

біз бүгінгі күні журналистің мәртебесін көтерсек, ертең басқа да мамандықтардың дәрежесін көтеру керек болады. Барлық мамандыққа бірдей статус бере алмаймыз. Сондықтан журналистің беделін кәсіби қауымдастық қана көтереді.

Өкінішке қарай, журналистердің бүгінгі пәрменділігін өздеріңіз де көріп жүрсіздер. Бізде биліктің айтқанынан шықпайтын журналистер бар. Олар қоғамды алға жетелеудің орнына, тек мемлекеттік пропагандаға үлес қосып жүр. Біз мемлекеттің айтқанынан шықпайтын журналист болмауымыз керек. Халық пен билік арасындағы көпірге айналатын, шынайы ахуалды көрсететін журналист болуымыз керек. Сонда ғана оның мәртебесі өзі-ақ көтеріледі. Қазір журналистер жалғыз емес. Олардың артында халық бар. Журналист қашанда халықтың сөзін сөйлейді. Олардың құқығын қорғайтын «MediaNet», «Шекарасыз репортерлер», «Әділ сөз» құқықтық медиа-орталықтар мен ұйымдар бар. Журналистерге қатер төнсе, дәл осы ұйымдар дер кезінде көмек беріп жатыр.

Журналистердің құқығы қорғалуы үшін мемлекет ең бірінші кезекте құқықтық база жасауы керек. «Масс-медиа туралы» Заңда БАҚ өкілінің жауапкершілігі мен міндеті көп. Ал мемлекеттің журналистің алдындағы жауапкершілігі қайда?! Заңда осы жағы қамтылмай қалған сияқты.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

МЕДИАКЕҢІСТІК

ЖУРНАЛИСТ пен БЛОГЕР

Қайсысы беделді?

Қазіргі уақытта халыққа ақпаратты жеткізу жеңілдеп кетті. Әлеуметтік желіде көп оқырманы бар блогер болсын, ақпараттық парақша болсын кез келген жаңалықпен бірінші бөліседі. Адамдар да ондай тез ақпаратқа үйреніп алған. Алайда, кейде тексерілмеген жалған ақпараттың құрбаны болып, халық арасында алауыздық туындап жатады. Сонымен, халыққа «журналист өтімді ме, әлде блогерлер өтімді ме?» деген сауалға жауап іздемес бұрын, блогер деген кім екенін анықтап алайық.

Ернұр
РЫСБАЙ

Блогер – блог сөзінен шыққан термин. Блог – онлайн күнделік, ал блогер сол күнделікті жүргізуші адам. Бастапқыда әртүрлі маман иелері, «wordpress» платформасында блог ашып, жүргізе бастады. Кейіннен ол жастар арасында сәнге айналып, әлеуметтік желіге өтті. Алайда, қазіргі уақытта кімнің блогер екенін түсіну қиын. Бірі ақпарат таратса, енді бірі басқа оймен блогер болуға. Алайда, өздерінің танымалдығын теріс мақсатта пайдаланып жатқан блогерлер де, аз емес. Жуырда болған оқиғаны мысал ретінде қарастырайық. Белгілі блогер, екінші бір блогердің жеке өмір құпиясына қол сұғып, оны халықтың алдында масқаралады. Ол оқиға жайында көпшілік оқырманның ойы екіге бөлінді. Бірі шындықтың ашылғанын дұрыс көрсе, енді бірі ондай жеке өмір құпиясын ашкерелемеу керек деп жатты. Жалпы халық алдында жүретін адамдардың

өмірінде олар жариялауды қаламайтын ақпараттар болады. Бұл олардың жеке өмірінің құпиясына құқығы. Сонымен, блогер деген кім деген сауалды тарқатып алсақ, қайсысы өтімдірек екенін талқылап көрелік.

Қазіргі уақытта, халық арасында журналистердің орнын блогерлер басты деген ой қалыптасқан. Алайда, қайсысының оқырманы көп сол өтімдірек болары анық. Сонда кез келген адам журналист бола алады ма деген сұрақ туындайды. Бұл сауалдың жауабы біреу ғана, блогер журналист емес. Журналист жоғары оқу орнында 4 жыл білім алған маман. Ол ақпаратты іздеп, өңдеп, таратады. Көп адамдар журналистиканы ғылым емес деп жатады. Әрине, бұл дұрыс, алайда көрінген адам журналист болып кетуі екіталай. Журналистің өзіндік ақпаратты таратудағы ерекше стилі болады. Сонымен қатар, бұл маман иелері өздерінің жариялайтын ақпараттарына жауапты. Ақпараттық шынайы болуы шарт. Сонымен қатар, тарататын ақпараты халық арасына іріткі салмай, біріктіруі қажет.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аружан АЙТБЕК,
блогер:

Екеуі екі бөлек...

Журналист әр аузынан шыққан сөзіне, әр жазған жазбасына жауапты болса, блогерде ешқандай шектеу жоқ. Не ойлайды, не айтқысы, не жазғысы келеді – өзі біледі. Яғни блогерде сөз бостандығы бар. Қазіргі уақытта блогерлер өте көп. Ол – жақсы көрсеткіш. Себебі, адамдар өз ойын айтудан қысылмай, басқаларға пайдалы болу үшін парақшаларын жүргізеді. Менің ойымша кез келген блогер журналист бола алмайды. Журналист бөлек, арнайы білімі бар тұлға болуы керек.

Жалпы бұл салаға қалай келдім. Блогер болу деген ешқашан ойымда болмаған. Кішкентайымнан кітапты көп оқыдым. Мектеп кезінен бастап оқып бітірген кітаптарым туралы өзімнің әлеуметтік желідегі парақшамда бөлісетінмін. Әр апта сайын оқыған кітабыма талдау жасайтынмын. Содан кейін оқырмандар біртіндеп көбейе бастады. Солай тек өзіме есеп үшін ашылған парақшам, дами түсті.

Мен мысалы қазір саяхатшы блогерлерді көп қараймын. Себебі, саяхаттағанды жақсы көремін. Өзім де парақшамда саяхатымды, әр елдің мәдениетін көрсетемін. Блогерліктің қай бағыты болмасын, өзіндік пайдалары көп. Сондықтан блогерлердің болашағы жарқын дей аламын.

Блогер болу үшін де алдымен білім керек. Сауатты жаза алмасаң, сауатты сөйлей алмасаң саған кім тіркеледі? Әрине, ондай сайкымзақ блогерлер де толып жүр. Бірақ менің басты мақсатым көп оқырман жинау емес, сапалы оқырман жинау. Сонымен қатар, блогер сын көтере алатын болуы керек. Адамдардың түр-түрі бар. Салған жұмыстарыңа неше түрлі пікірлер қалдырады. Тіпті, қарғап-сілейтіндер де жетерлік. Сондықтан мұндай пікірлерге мән бермейтін қайсарлық керек.





Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ТӨРТІНШІ БИЛІК

БАҚ: ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қатпар-қатпар журналистиканың көне саласы – баспасөздің ұзақ жылдық тарихында өзіндік бай дәстүрі бар мектептердің қалыптасқаны анық. Алайда, бұны әсіресе, қазіргі қазақ баспасөзіне қатысты айтар болсақ, буын алмасудағы дәстүр сабақтастығына ден қойыла бермей жүргеніне көз жеткізер едік. Сәт сайын ақпарат ескіріп, жаңарған заманда, журналистиканың сан тарау салалары бойынша мамандануға бет алған ақпараттық қоғамда өзіндік соқпағы бар мектептер дәстүрі туралы айту оңай емес. Бірақ дәстүр сабақтастығынсыз даму жоқ, мектеп те қалыптаспайды. Мысалы, бұрын Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкей неге мықты редактор болды? Оның себебі – ол кісілердің дәстүршілдігінен, бойына біткен қазақтың болмысы, мінезі, тектілігінен деп есептейміз.

Шераған, Сейдағандар батыл еді. Сананы құрсаған кеңес заманында қаймықпай ұлт тақырыбына түрен салды, ол кісілер барған жердің бәрі түлеп сала беретін. Таралымын көбейте білді, аңысын аңдыған дәуірде ұтымды тәсілдер таба білді.

Міне, ол кісілер салған соны соқпақ, өнегелі дәстүр үзіліп қалған жоқ па?

«Қазіргі кезде журналистика мамандығын дайындау сапасы төмен» дегенмен келісесіз бе?

Мүмкін редакция жанынан қайта даярлау курсын ашу журналистердің біліктілігін арттыруға ықпал ететін шығар?

Осы сұрақтар төңірегіндегі мәселеге аз-кем тоқталғанды жөн көрдік. Бұған әріптестеріміздің өздері не дер екен?..



Қазыбек ҚҰТТЫМҰРАТУЛЫ, журналист, «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің Батыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі:

САБАҚТАСТЫҚҚА СЫЗАТ ТҮСТІ

Мен өзім орталықтан шалғай, Орал қаласында жүргендіктен, болашақ журналистер дайындайтын бүгінгі Журналистика факультеттеріндегі жағдайды біле бермеймін. Орал қаласындағы ЖОО-ларда Журналистика факультеті жоқ. Әрі бізде оны ашуға мамандар да жоқ қой. Ал Алматы мен Астанаға журналист боламын деп барған біздің жастардың дені туған жеріне келмей, орталықта қалып қояды. Байқауымша, еліміздің біраз өңірінде журналист мамандар өте тапшы. Сондықтан мамандығы басқа болса да жазуға бейімі бар жастарды жұмысқа қабылдап, барынша үйретіп, «қатарға қосып» алуға тура келеді. Әрине, мұндай жағдайда редакция жанынан ашылған қайта даярлау курстары болсын, нақты бір тәжірибеге арналған семи-

Аязби АҚБЕРГЕНҰЛЫ, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры:

ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ ҮНСІЗ...

Журналистика – қоғамның айнасы, яғни елде болып жатқан өзгерістер, жетістіктер мен кемшіліктер айна-қатесіз көрініс табады. Алайда, сөз бостандығы мен азаматтық белсенділік деңгейі өспей тұрғанда, бұқаралық медиа оза шабады дегенге кім сенеді? Қазір екінің бірінің емес-ау, әр адамның қолында жазу мен түсіру құралы бар. Олар кәсіби журналистерден әлдеқайда көп контент таратады. Ерте ме, кеш пе, сапалы ақпаратқа сұраныс артады, талғап-таңдап, медианы тұтынатын күн туады! Қазір әлемде ақпаратқа деген көзқарас өзгеріп, жаңа құндылықтар алға шығуда. Осы күрделі жағдайда журналист мамандарын даярлау сапасы да көңіл көншітпейді. Қазақстанда 20-дан аса оқу орнының арнайы лицензиясы бар, соның сегізі Алматы қаласында. Жалпы, қазір қоғамда нарық өзі реттеп алады деген қате пікір қалыптасқан. Білікті оқытушы мамандардың жетіспеушілігі,

өндіріспен байланысының нашарлығы, медиаөндірістегі бәсекелестіктің төмендігі медиа мамандарын даярлау ісінде қолбайлау болып тұр. Қазіргі журналистика сөз өнері, көрнекі контентпен қатар технологиялық шеберлікке де қатысты тез дамуда. Осы жолда толыққанды журналистік білім берумен қатар, яғни бакалавр мен магистратурамен бірге түрлі мерзімдік қайта даярлау курстары, шеберлік мектептері де қатар жүріп, бірін-бірі толықтыруы қажет деп білемін. Елімізде қалыптасқан мәдени орта мен қоғамдық қатынастар әлі де рухани құндылықтар төңірегінде топтасып, ұйысқан жоқ. Бұл жағдай көбіне журналистік мектептер мен ғылымның дамуынан көрінеді. Мықты редакторлар, шебер медиа саласының ұйымдастырушыларын даралап көрсетудің өзі қиын. Бұрынғы дәстүр сабақтастығының үзілгені қашан! Медиа кеңістігі шашырап жатыр, атауы мен аудиторияға жету жолы сан алуан. Бірақ сол аудиторияның сұранысын қанағаттандырып, дамып кетпегені, таралым мен қаралымның аздығынан көрінеді. Ең қиыны, журналистер көтеріп, қоғамдық пікір қалыптасып, жан-жақты қолдауға ілігіп, шешімін тапқан бір мысалды келтіре алмай отырмын. Айнам үнсіз...



нар-тренингтер болсын, жергілікті журналистердің біліктілігін арттыруға көмегі тиетіні сөзсіз. Иә, бұрын Шерағанның шинелінен шықтық дейтіндер көп болатын. Бертінде Қалидың қайрағынан қайралдық дейтіндер болды. Қазір осы мектептер сақталып жатыр ма? Мысалы, Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкейлер мықты редактор болды. Қазір мықты

деп кімді айтар едіңіздер? Бұрынғы дәстүр сабақтастығы үзіліп қалған жоқ па? Осындайда өз тәжірибемнен бірер мысал айтар болсам, тоқсаныншы жылдардың соңы, екі мыңыншы жылдардың басында «Жас Алаш» газетінің Атырау, Батыс Қазақстан облыстарындағы меншікті тілшісі болып қызмет еттім. Сол кездегі басшымыз, белгілі журналист әрі қоғам қайраткері Нұртөре Жүсіптің редакторлық шарапатын, ұйымдастырушылық қабілетін, қамқорлығын көріп қалғаныма, «Жас Алаштың» тарихындағы жарқын шақтардың куәсі, ұжым мүшесі болғаныма бақыттымын деп ойлаймын. Алдыңғы толқын ағалар аңыз етіп айтатын Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкейлердің ізбасары деп осы Нұртөре Жүсіпті айтар едім. «Егемен Қазақстан» газетінің жаңа ұжымын жасақтап, талантты жастарды көп тартқан Дархан Қыдырәлі де менің ойымша ерекше атауға лайық жан. Бірақ қазір заман талабы солай ма, аз уақыттан көп нәтиже күтетін кезеңге тап болдық қой. Дегенмен, алыс-жақыннан талантты жастарды іздеп тауып, алдырып, оның тәжірибесін шыңдап, тәрбиелеп, ұйымшыл ұжым жасап отыруға қазір ешбір редактордың мұршасы жоқ секілді...



Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
«Дарын» мемлекеттік жастар
сыйлығының иегері, Әл-
Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Ақпарат және
коммуникациялар
департаментінің бас
сарапшысы:

КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАР ҚАЖЕТ

Қоғамда қазір журналистикаға сын көп айтылады. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Ақпараттық технологияның дамуымен жаңа медиа түрлері пайда болды. Бұл үрдіс журналистикадағы бәсеке мен сапаны арттыруға ықпал етуі керек еді, өкінішке қарай, бізде керісінше көрініс берді. Медиа түрлері көбейгенімен, сапаны уыстан шығарып алғанымыз шындық. Сондықтан болар, менің замандастарымның арасында «осы күні журналистикадан мән кетті» деген пікір жиі айтылады.

Әрине, уақыт ағымына сай талап та өзгереді. Мысалы, біз осы салаға араласа бастаған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының аяғы мен екі мыңыншы жылдардың басындағы журналистика мен қазіргі журналистиканы салыстыра алмайсың. Мазмұны бір болғанымен, формасы өзгерген. Салақұлаш макаланы қазіргі оқырман қабылдай алмасы анық. Оларға неғұрлым қысқа, үш-төрт сөйлеммен жазылған ақпарат қызықты, я болмаса 5–10 секундтық видео өтімді. Сондықтан



бүгінгі журналистиканың кем-кетігін тек маман даярлау ісіне әкеп тіреп қоюға болмайды. «Отыз жылдық журналистиканы» тек соңғы жылдары білім алып шыққан мамандар құрап отырған жоқ қой. Сондықтан «Журналистика саласының мамандарын даярлау сапасы төмен-деді» деген уәжде толық келіспеймін. Өйткені, бұл – кешенді мәселе. Оған біржақты қарауға болмайды. Рас, маман даярлауда кінәрат жоқ дей алмаймыз, алайда бүгінгі журналистиканың кемшілігіне тек кадр әзірлеу қызметі жауапты емес. Олай дейтінім, ЖОО оқытып, даярлап жіберген маманды кәсіби тұрғыда шындау БАҚ кадрларының міндеті. Себебі, жазу-сызу тәжірибемен келетінін бәріміз білеміз. Сондықтан жалпы журналистиканың сапасын арттыру үшін кешенді жұмыстар қажет. Жасыратыны жоқ, журналистикадағы дәстүрлі мектеп үрдісі соңғы жылдары үзілді. Біз кезінде «Жас Алашта»

Шерағанның шекпенінен шыққан Нұртөре Жүсіп, Қали Сәрсенбай, Жүсіпбек Қорғасбек, Сапарбай Парманқұл, Бертін Срайыл Смайыл және т.б. ағаларымыздың мектебінен өттік. Бұл ауыз толтырып айтатын үлкен өмір мектебі еді. Қазір осы дәстүр жойылды. Ұрпақ сабақтастығына сызат түсті. Бәлкім, жоғарыда біз айтып өткен кемшіліктер осы дәстүрдің жоғалуынан пайда болған шығар. Қазір шыны керек, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен заман болды. Отандық журналистикаға жаны ашитын бірді-екілі қоғамдық ұйым болмаса, әркім өз білгенімен әуре. Кейінгі буын интернет журналистика өкілдерінің мектебі қалыптасып, қоғамда жаңа толқын, жаңа леп пайда болуы керек еді. Өкінішке қарай, оны да көре алмай отырмыз. Блогосфера өз алдына кәсіп пе, әлде журналистиканың бір саласы ма? Қалай болғанда да, ақпарат таратып отырғандықтан, бәлкім блогосфера мамандарын даярлайтын кез келген шығар. Жоқ әлде журналистикаға бәсеке болып, өз алдына жеке дами ма? Жалпы журналистика ғылымы тұрғыда қашан мойындалады? Осындай толып жатқан мәселемен осы саланың «отымен кіріп, күлімен шығып» жүргендер айналыспаса, ешкім дайын дүние әкеліп бере салмасы анық. Сондықтан бүгінгі БАҚ айналасындағы өзекті мәселелерді шешу тек өзіміздің қолымызда. Жыл сайын өтіп жатқан медиа басқосудар қазіргі заманғы журналистиканың өзекті тақырыптарын қозғап қана қоймай оның шешімін де қоса ұсынғаны абзал. Сонда ғана нәтиже болмаса, басқасы қиындау...

ЖАЛҒАСУЫ ТИІС

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
ҚР Президентінің БАҚ
саласындағы сыйлығының
иегері, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты,
«Шалқар» радиосының бас
редакторы:

ЖАН-ЖАҚТЫ БІЛІМ БЕРІЛІП ЖАТЫР

тұрғыдан, ғылыми тұрғыдан, өндірістік тәжірибеден өту жағынан болсын, жан-жақты дайындап жатыр деп ойлаймын. Мәселен, ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінде «соңғы кезде қандай мамандықтарға сұраныс бар, сол журналистиканың өзінде қазіргі кезде қандай мамандықтар трендте» деген мәселелер бойынша, көптеген жаңа мамандықтар ашылып, сол тұрғыда жұмыстардың жүріп жатқанын байқап жүрмін. Егер дәл сол жерде білім сапасы төмен десе, мен өз басым келіспес едім. Өйткені, университет басшылығы тарапынан жеткілікті деңгейде көңіл бөлініп, жан-жақты білім беріліп жатыр. Мен мұны өзімізге келген

жастар арқылы да байқаймын. Бұл жерде редакция жанынан курс ашпай-ақ, жыл сайын іс-тәжірибеден өтуге келген жастарды барынша үйретіп, қуаттап отырсақ, жастар шыңдалар еді. Соншалықты дабыра жасамай-ақ, редакцияға келген жастарды үйретіп, жазғандарын жарыққа, эфирге шығарсақ, тезірек бейімделіп кететінін көріп жүрміз. Соңғы кездері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Еуразия университетінде сұранысқа сай жаңа мамандықтар ашылып жатыр. Практик-журналистер сабақ беріп, кәсіби мектеп қалыптастырып жатыр. Бұрын Сейдахмет Бердіқұл, Шерхан Мұртаза сынды мүйізі қарағайдай ағаларымыз бастаған үрдістің сақталып келе жатқаны байқалады. Сол үрдісті Қайнар Олжай, Қали Сәрсенбай, Нұртөре Жүсіп жалғастырса, Нұржан Қуантай, Нәзия Жоямерген, Қарагөз Сімәділ Журналистика факультетінде сабақ беріп жүр. Осындай үрдіс сақталса, студенттер радио-телевидение, редакцияларға бармай-ақ, шеберліктерін шыңдауға болады деп ойлаймын.



Қазіргі журналистка туралы көп айтылып, жазылып жүр. Әсіресе, оның сапасына қатысты сыни тұрғыдағы түрлі пікірлерді естіп қаламыз. Өз басым бұл саланың сапасы төмен деп айта алмас едім. Журналистика факультетінде студенттерді кәсіби

Арман ӘУБӘКІР,
«Адырна» ұлттық порталының жетекшісі:

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

Журналистердің біліктілігін арттыруды барынша тәжірибемен ұштастырған жөн. Теориямен шектеліп қалған жерде сапа болмайды. Уақыт көшіне ілесіп, алға да жылжымайды. Бұл тек журналистика саласына ғана тән емес. Оның үстіне, жаңа заманға сай емес, ескірген теория болса, тіпті қиын. Міне, сол себепті, теория мен тәжірибенің өзара тең дәрежеде болғаны, тіпті тәжірибе үлесі теориядан да көбірек болғаны маңызды деп ойлаймын. Өз тәжірибем сүйенсем, студенттердің ерте бастан ақпараттық салаға араласқаны жөн. Әрбір редакция жаңа, жас кадрларды даярлауға мүдделі деп ойлаймын. Оқу орындары мен редакциялар арасында тиімді серіктестік орнатылған

кезде тек кадр емес, басқа да мәселелер өздігінен шешілмекші.

Қазақ баспасөзі – ұлттық идеологияның негізгі тірегі. Ол бүгінгі-кешегі Алаш арыстары шығарған «Қазақ» газетінің ұлы миссиясын әрмен қарай жалғастырушы қызметін атқарып келеді. Жазушы Шерхан Мұртазалар сол ұлы міндетті сезініп, жас толқындарды тәрбиелеп, ақпараттық майданға идеологиялық жауынгерлерді қоса білді. Бұл жолды кейін Қали Сәрсенбай ағамыз әрмен қарай тамаша жалғастырды. Дегенмен, осы күні сол үрдіс жоғалып бара жатқандай. Ұлттық мәдениетке, ұлттық құндылықтарға қызмет ететін ақпарат құралдары мейлінше көп болғаны керек. Жастар осы бағытта дамуы



керек деп есептеймін. Әртүрлі діни ағымдардың, батыстық азғындық топтардың соңынан ілесіп кетпес үшін ақпарат саласындағы мамандарға зор міндет жүктеледі.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ



28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесі. Осынау елеулі оқиға аясында газетіміздің белді қызметкері, фототілші Самат Құсайынов «Қоғамдық марапаттар жөніндегі Республикалық Кеңес Марапаттар Алқасының 2024 жылғы 26 маусымдағы №33 бұйрығы бойынша «Қазақ журналистикасының қайраткері» атағына ие болып отыр.

Марапат иесі Самат Серікбайұлы 1974 жылы 3 шілдеде Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаарық елді мекенінде дүниеге келген. Сарысу орта мектебін бітірген соң, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының Фото және оператор факультетіне оқуға түседі. Өзі таңдаған саланы серік еткен Самат 1995 жылдан бастап «Балдырған», «Парасат», «Ана тілі», «Сақшы», «Президент және халық», «Алтын бесік» басылымдарында қызмет етті. Қазақ өнерінің қарашаңырағы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрындағы еңбек еткен жылдарын үнемі еске алып отырады.

– Театр арқылы тазалықты, байқампаздықты үйрендім. Бұл менің шығармашылығымды шыңдау жолындағы ең үлкен мектебім болды, – дейді Самат. Ал «шаһардың шырағы, көзі мен құлағы» атанған «Almaty aqshamy» газетінде 2006 жылдан бастап фототілші болып еңбек етіп келеді. Қайнаған қаланың тіршілігіне біте араласып, оның тұрғыны емес, тамырына айналды.

Өзінің еңбек жолында Н.Жұбанов, Р.Ханалиев, Б.Сәрсенов, А.Жүсіпов, Ш.Шахай сынды ағаларын үлгі тұтқан Саматтың өзі де бүгінде ердің жасына толып отыр. Осынау жылдар ішінде тынымсыз еңбек етіп, абырой биігінен көрінген азаматтың қырағы көзі туған елі мен жерінің ғажайып көрінісін қарашығына сыйдыруға тырысады. «Фотомерген» атанған Саматтың 2008 жылы «Сарысудың сырлы суреттері, 2013 жылы «Сарысу – саялы мекен» атты кітаптары жарық көрсе, бірқатар дүниелері «Дүние жүзі қазақтар қауымдастығының «Аңсаған атажұрт» жинағына енген. Сонымен қатар, 2006 жылы Алматыда «Алматы – жүрегімде», ал 2009 жылы Астанада «Сайын дала – салт-дәстүр» атты жеке фотокөрмесін өткізді. Қазақ журналистикасының кенжелеу дамыған фототілшілік жанрының өзекті мәселесі әлі де жеткілікті. Бұл тұрғыда Самат Серікбайұлы «жас фототілшілер» мектебін қалыптастырғысы келеді.

«Almaty aqshamy» газетінде 20 жылға жуық еңбек етіп келе жатқан фототілші Самат Құсайынов «Қазақ журналистикасының қайраткері» атануымен құттықтап, қырағылықтың қара нары атануына тілектеспіз!

Айқара бетгі әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ҚАУЛЫ

2024 жылғы 27 маусым №2/225-969

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Жер комиссиясының 2022 жылғы 16 тамыздағы №9/10 қорытындысының негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласы метрополитенінің үшінші кезегінің және көлік торабының объектілерін салу үшін Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қалқаман» бекетінен Барлық базарына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегіріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №2/225-969 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Киштов Михаил Иванович	20-322-007-246	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 174	0,0817
2	Кенебаева Зауреш Есеркеповна	20-322-007-247	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 176	0,0850
3	Мустафинов Сайлаубек Нұртазаевич	20-322-007-097	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 178	0,0806
4	Алімбекқызы Айсулу	20-322-007-447	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 180	0,0800
5	Кетпенбаева Жамиля Даутовна	20-322-007-312	«Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 182	0,0902
6	Жутинисов Бейбіт Ергалиевич	20-322-007-419	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 215	0,1090
7	Молдахметова Айбарша Канапияновна	20-322-007-725	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 217	0,0786
8	Умарбеков Кенесбай Токенович	20-322-007-790	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 219	0,0881
9	Тулеова Улкенен Узақбаевна	20-322-007-641	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 220	0,0863
10	Канайбеков Жасулан Нағызтаевич	20-322-007-595	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 221	0,0800
11	Каракузиева Венера Орынғалиевна	20-322-007-629	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 222	0,0813
12	Койшиева Булбул Кулжабековна	20-322-007-392	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 223	0,0798
13	Каиркулов Тимур Уразович	20-322-007-375	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 224	0,0818
14	Құрманбаева Светлана Саиновна, Зұлшиқаров Махметжан Абдирашович	20-322-007-279	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 226	0,0830
15	Джеттисбаев Нұрбақыт Абдирахымович	20-322-007-589	«Қалқаман-2» шағынауданы, Жақаев көшесі, 228	0,0798
16	Семибратова Людмила Васильевна	20-322-007-626	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 58	0,0813
17	Шакирбеков Нуржан	20-322-007-178	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 60	0,0827
18	Ни Владимир Дмитриевич	20-322-007-639	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 62	0,0827
19	Каргабаев Асылхан Қожағұлович, Каргабаева Гүлжан Аждахановна	20-322-007-172	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 63	0,0797
20	Құлжанбаев Джандарбек Ануарбекович	20-322-007-413	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 64	0,0821
21	Қалдыбек Тәкен Ерубайұлы	20-322-007-275	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 64 А	0,0782
22	Құлжанова Кенжегүл Баймуратовна	20-322-007-232	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 65	0,0840
23	Килыбаев Усембай Бекбергенович	20-322-007-283	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 66	0,0776
24	Естенова Гульфия Сауытбековна	20-322-007-130	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 69	0,0835
25	Дюсембаева Шинар Болатовна	20-322-007-235	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 71	0,0810
26	Алмаханова Асқан Киргизбаевна	20-322-007-180	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сыпатай батыр көшесі, 73	0,0770
27	Канатбаева Светлана Нурбергеновна	20-322-007-120	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 17	0,0739
28	Ходжанов Азат Турдықұлович	20-322-007-137	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 19	0,0806
29	Тенгебаев Ерлан Райханович	20-322-007-580	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 21	0,0839
30	Бердикулов Мирзағали Асанбаевич	20-322-007-965	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 22	0,0486
31	Бердикулов Мирзағали Асанбаевич	20-322-007-966	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 22	0,0100
32	Нурғалым Кәдір Садықұлы	20-322-007-208	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 23	0,0657
33	Казбекова Индира Амангельдиевна	20-322-007-365	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 24	0,0774
34	Юнг Ирина Николаевна	20-322-007-632	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 25	0,0799
35	Абуова Гүлжан Халиевна	20-322-007-194	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 26	0,0830
36	Умурзаков Ермек Советбекович	20-322-007-166	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 27	0,0795
37	Еламанова Райхан Шайхмерденовна	20-322-007-108	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 30	жалпы - 0,1600 үлесі - 0,0600
38	Нусипов Ержан Тетеханович	20-322-007-108	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 30	жалпы - 0,1600 үлесі - 0,1000
39	Алиакбаров Серик Абдығәпәрович	20-322-007-338	«Қалқаман-2» шағынауданы, Саурық батыр көшесі, 32	0,0665
40	Сейсембаева Айгүл Кадырбергеновна	20-322-007-650	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 6	0,0302
41	Жұрсанов Максат Кенжебаевич	20-322-007-963	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, учаске 6/1	0,0548
42	Исаева Роза Дүйсеновна	20-322-007-949	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 8	0,0694
43	Исаева Роза Дүйсеновна	20-322-007-950	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, учаске 8/1	0,0120
44	Магданова Бакытжан Нұрғалиевна	20-322-007-142	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 9	0,0728
45	Печёрский Александр Владимирович	20-322-007-424	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 11	0,0793
46	Гедзя Татьяна Львовна	20-322-007-121	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 13	0,0799

47	Махмұтов Батырғали Күсебекович, Махмұтова Светлана Қожабаевна	20-322-007-789	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 15 А	0,0800
48	Внукова Людмила Анатольевна	20-322-007-245	«Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 17	0,0888
49	Ахмедова Майра Табынбаевна, Ахмедов Берик Канджарбекович	20-322-007-752	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 21	0,1000
50	Аргымбеков Султан Асхатович	20-322-007-776	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 23	0,1000
51	Мустафина Салима Умрзаховна	20-322-007-860	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 25	0,1000
52	Салихова Айман Алимбековна, Вансинвей Сатуалды Небивич	20-322-007-922	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 31	0,1000
53	Утегенова Роза Маукемовна	20-322-008-009	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 70 учаске	0,0400
54	Мадияров Мурат Атиканович, Мадияров Алтынбек Муратулы, Мадиярова Раушан Муратовна	20-322-008-013	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 66	жалпы-0,0774 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0231
55	Карибжанов Дүйсенғали Орынбаевич, Карибжанова Гүлбақыт Ахметбековна	20-322-008-086	«Шұғыла» шағынауданы, Дикан көшесі, 10	0,0942
56	Бегалиева Кундызай Сапаровна, Бегалиев Ахмет Махамбетович	20-322-008-260	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, жол 1, 4	0,1000
57	Мусаев Қайрат Сейдаханович	20-322-008-264	«Шұғыла» шағынауданы, Дикан көшесі, 3	0,0800
58	Қайрат Дамир	20-322-008-316	«Шұғыла» шағынауданы, Дикан көшесі, 16	0,0800
59	Кремешкова Ирина Григорьевна	20-322-008-343	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, жол 1, 1	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0204
60	Кульгавый Евгений Викторович, Кульгавая Наталья Алексеевна	20-322-008-376	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, жол 1, 5	0,1000
61	Сманова Лира Аккоилиевна, Альжанов Ержан Жайшылович	20-322-008-418	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, жол 1, 15	0,0900
62	Султанғазина Жанара Абеневна	20-322-008-469	«Шұғыла» шағынауданы, Береке көшесі, 67 учаске	0,1000
63	Глазунов Алексей Викторович	20-322-008-490	«Шұғыла» шағынауданы, 53 учаске	жалпы-0,4980 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0732
64	Рахманова Балхия Бидавлетовна, Байбаракова Серуен Бидаулетовна	20-322-008-516	«Шұғыла» шағынауданы, Береке көшесі, 64	жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0131
65	Бекежанова Нүкен Рустембековна	20-322-008-550	«Шұғыла» шағынауданы, 65 учаске	жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0226
66	Рахманова Балхия Бидавлетовна	20-322-008-551	«Шұғыла» шағынауданы, 66 учаске	0,0994
67	Касанов Тельман Усеинович, Касанова Фидана Тавабировна	20-322-008-574	«Шұғыла» шағынауданы, 2134 учаске	жалпы-3,9845 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2041
68	Уалиханова Алия Дулатовна	20-322-008-624	«Шұғыла» шағынауданы, Дикан көшесі, 37 учаске	жалпы-0,7829 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0156
69	Нутматжанова Мария Борисовна	20-322-008-642	«Шұғыла» шағынауданы, Көктерек көшесі, 213 учаске	0,0340
70	Сламхан Әділ, Маханбаева Дана Спанқызы	20-322-008-730	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, жол 1, 2	жалпы-0,0977 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0144
71	Ни Галина Борисовна	20-322-008-745	«Шұғыла» шағынауданы, Дикан көшесі, 1	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0105
72	Ережепов Асхат Уразбайұлы	20-322-008-771	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 72	0,0720
73	Ережепов Асхат Уразбайұлы	20-322-008-772	«Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 72/1	0,0150
74	«Qazaq Sroy Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-009-132	«Шұғыла» шағынауданы, 341 учаске	жалпы-22,3908 иеліктен шығарылатын ауданы-5,5613
75	Амангельдиев Бахитжан Амангельдиевич	20-322-009-156	«Шұғыла» шағынауданы, 341/6 учаске	0,0389
76	Тоқтарханқызы Гүлжазира	20-322-009-167	«Шұғыла» шағынауданы, 341/11 учаске	0,0393
77	«Qazaq Sroy Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-009-199	«Шұғыла» шағынауданы, 340/43 учаске	0,0369
78	«Qazaq Sroy Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-009-200	«Шұғыла» шағынауданы, 340/44 учаске	0,0369
79	«Алем Сити 3» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-009-228	«Шұғыла» шағынауданы, 340/33 учаске	жалпы-3,3815 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5597
80	«Алем Сити 3» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-009-236	«Шұғыла» шағынауданы, 340/35 учаске	жалпы-4,7478 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2264
81	Нурұмов Берик Нұрдаулетович	20-322-001-005	Райымбек даңғылы, 580/1	жалпы-0,1500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0410
82	«ҚазКонсалтингПартнер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-008	«Абай» шағынауданы, Абай көшесі, 11/33 құрылым	9,5400
83	Арманова Перизат Арманқызы	20-322-001-035	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 2	0,0647
84	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-057	«Шұғыла» шағынауданы, 2/16 учаске	2,0000
85	Мұрат Әлия Қайратқызы	20-322-001-065	«Шұғыла» шағынауданы, 1866/3 учаске	жалпы-6,8068 иеліктен шығарылатын ауданы-1,1210
86	Ли Дмитрий Денисович	20-322-001-068	«Шұғыла» шағынауданы, 1866/1 учаске	жалпы-1,0954 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2264
87	Мұрат Әлия Қайратқызы	20-322-001-070	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/31	жалпы-2,1835 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3625
88	Мұрат Әлия Қайратқызы	20-322-001-072	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/99	жалпы-2,9978 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1332
89	Мұрат Әлия Қайратқызы	20-322-001-073	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/20	жалпы-0,1571 аны-0,0262
90	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-086	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/22	жалпы-1,0615 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2528
91	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-087	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/24	жалпы-0,4171 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3385
92	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-090	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/14	жалпы-1,9974 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5173
93	«Туран Строй Ком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-103	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/4	жалпы-13,4880 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4887
94	«Туран Строй Ком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-104	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/10	0,0736
95	«Туран Строй Ком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-105	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/17	0,0079
96	Әлдібай Бейсен Серкебайұлы	20-322-001-107	«Шұғыла» шағынауданы, 317/5 учаске	0,6792
97	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-116	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/40	0,0565

98	Кульманов Рауан Булатович, Кульманова Динара Болатовна	20-322-001-118	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/12	0,0576
99	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-119	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/11	жалпы-2,2299 иеліктен шығарылатын ауданы-1,3058
100	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-123	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/23	жалпы-4,4203 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5958
101	Бағнұр Дәулет Бағнұрұлы	20-322-001-124	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/65	0,0472
102	Бағнұр Дәулет Бағнұрұлы	20-322-001-125	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/62	0,0389
103	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-126	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/60	0,0279
104	Сүлейменова Мархаба Сағынтаевна	20-322-001-131	Райымбек даңғылы, 600/1	0,0663
105	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-132	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/43	0,0857
106	Құтыбаева Нұргүль Рахатовна	20-322-001-133	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/44	0,0373
107	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-134	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/42	0,0374
108	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-135	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/25	жалпы-2,5039 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4892
109	«Нұр City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-136	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/41	жалпы-1,9239 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0771
110	Мадиева Мадина Мадиевна	20-322-001-137	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/45	0,0322
111	Муратова Айжан Қайратовна	20-322-001-140	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/32	жалпы-5,8348 иеліктен шығарылатын ауданы-0,8077

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚНАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 13 маусымдағы №131 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 20 маусымда №197870 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 13 маусым

№131

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №75 «Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:
1. Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №75 «Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізілімінде №190255 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 1 603 440 230,9 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 1 463 847 154 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 17 185 799,9 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 11 638 722 мың теңге; трансферттер түсімдері – 110 768 555 мың теңге;
2) шығындар – 1 739 330 078,9 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 19 676 423,1 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша салыдо – 23 830 719 мың теңге, оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 24 281 719 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -179 396 990,1 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 179 396 990,1 мың теңге»;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 21 457 247 мың теңге сомасында бекітілсін»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 18 729 832 мың теңге сомасында бекітілсін»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 44 772 277 мың теңге сомасында бекітілсін»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 484 915 420 мың теңге сомасында бекітілсін»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 51 106 573 мың теңге сомасында бекітілсін»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 70 550 181 мың теңге сомасында бекітілсін»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 366 590 056,8 мың теңге сомасында бекітілсін»;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 74 601 289 мың теңге сомасында бекітілсін»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 19 987 568 мың теңге сомасында бекітілсін»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 18 254 071 мың теңге сомасында бекітілсін»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 11 718 713 мың теңге сомасында бекітілсін»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 279 781 223 мың теңге сомасында бекітілсін»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 93 936 832 мың теңге сомасында бекітілсін»;
көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Санаты				Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы			
			Специфика		
1				2	3
				I. КІРІСТЕР	1 603 440 230,9
1				Салықтық түсімдер	1 463 847 154,0
	01			Табыс салығы	1 056 572 121,0
		1		Корпоративтік табыс салығы	558 614 320,0
		2		Жеке табыс салығы	497 957 801,0
	03			Әлеуметтік салық	276 503 545,0
		1		Әлеуметтік салық	276 503 545,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	59 415 325,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	37 454 459,0
		3		Жер салығы	3 491 000,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	18 469 866,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	43 108 163,0
		2		Акциялар	22 386 924,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	6 213 318,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14 507 921,0
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	28 248 000,0
		1		Мемлекеттік баж	28 248 000,0
2				Салықтық емес түсімдер	17 185 799,9
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 009 513,0

		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	451 227,0
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	41 811,0
		4		Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	409 235,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 788 473,0
		6		Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	298 530,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	20 237,0
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	9 218 533,0
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	9 218 533,0
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	4 957 753,9
	1			Басқа да салықтық емес түсімдер	4 957 753,9
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	11 638 722,0
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9 011 600,0
	1			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9 011 600,0
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	2 627 122,0
	1			Жерді сату	2 535 000,0
	2			Материалдық емес активтерді сату	92 122,0
4				Трансферттердің түсімдері	110 768 555,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	110 768 555,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	110 768 555,0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ			Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама	Атауы	
			II. ШЫҒЫНДАР	1 739 330 078,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21 457 247,0
	111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	328 437,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	322 046,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 391,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	3 811 043,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	3 789 243,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21 800,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	5 429 428,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 784 012,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	645 416,0
	325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	195 811,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	195 811,0
	379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	674 666,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	669 854,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 812,0
	318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	7 271 867,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	468 520,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	16 800,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	85 343,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	230 485,0
		028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	6 470 719,0
	356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	606 212,0
		001	Жергілікті бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	497 215,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	85 348,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	23 649,0
	510		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика басқармасы	1 707 082,0
		001	Жергілікті деңгейде экономикалық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 565 548,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 030,0
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	140 504,0
	369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	1 432 701,0
		001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 130 831,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 257,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	290 613,0
02			Қорғаныс	18 729 832,0
	519		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы	2 667 794,0



			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	180 508,0
			004	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	2 487 286,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	7 349,0
			030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	7 349,0
		387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	7 475 156,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	5 752 578,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	1 722 578,0
		519		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы	8 579 533,0
			001	Жергілікті деңгейде сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	564 555,0
			005	Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру	2 786 234,0
			006	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою	5 197 646,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	31 098,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	44 772 277,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	36 765 160,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	31 524 853,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 222 307,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 219 330,0
			021	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	1 219 330,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	6 787 787,0
			004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6 787 787,0
04				Білім беру	484 915 420,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	69 860 443,0
			029	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	69 860 443,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 239 502,0
			034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	1 239 502,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	7 510 218,0
			006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	1 933 898,0
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	5 576 320,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	9 033 403,0
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	7 801 548,0
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 231 855,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	217 864 289,0
			003	Жалпы білім беру	122 057 194,0
			004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	8 506 922,0
			005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	3 915 312,0
			008	Балаларға қосымша білім беру	8 213 888,0
			019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	68 000,0
			040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	75 102 973,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	105 220 103,0
			027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	6 594 027,0
			028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	14 488 010,0
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 297 115,0
			205	«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	77 840 951,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 951 124,0
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 951 124,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	47 709 837,0
			018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	60 716,0
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	47 649 121,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 920 000,0
			046	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 920 000,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	5 029,0
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	5 029,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 300 700,0

			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 300 700,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 551 356,0
			038	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1 551 356,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	909 839,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	909 839,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	18 839 577,0
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	533 998,0
			006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін акпараттандыру	1 042 676,0
			007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3 369 000,0
			009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 776 234,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30 952,0
			013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	2 556 243,0
			014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	279 236,0
			021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	413 263,0
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	6 943,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	8 831 032,0
05				Денсаулық сақтау	51 106 573,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	11 026 671,0
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	421 488,0
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	67 495,0
			017	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 296 842,0
			041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	9 240 846,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	4 938 026,0
			009	Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	500 000,0
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 438 026,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	3 782 514,0
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	3 782 514,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 447 012,0
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	1 447 012,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	49 488,0
			029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	49 488,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	29 862 862,0
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 675 609,0
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	194 817,0
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	10 066,0
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	187 192,0
			030	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	611 026,0
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	27 184 152,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	67 240 181,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	2 456 104,0
			056	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2 456 104,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	10 787 193,0
			014	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 825 152,0
			020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	4 020 709,0
			021	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	909 122,0



			022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 451 803,0
			029	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	1 994,0
			064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	578 413,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 485 487,0
			016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 129 146,0
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	356 341,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	63 629,0
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	63 629,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	25 262 008,0
			003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 927 328,0
			030	Тұрғын үй көмегін көрсету	27 139,0
			031	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	8 393 422,0
			033	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	9 568 474,0
			035	Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	5 345 645,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы	4 760 026,0
			017	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	4 760 026,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	14 715 712,0
			003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	12 753 408,0
			009	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	1 213 324,0
			016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	748 980,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	2 398 175,0
			036	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге акы төлеу	28 536,0
			037	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 651 039,0
			039	Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	718 600,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	49 148,0
			077	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	49 148,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 199 577,0
			001	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	733 539,0
			019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 784 210,0
			026	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 000,0
			028	Күш көрсету немесе күш көрсету қауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	236 112,0
			062	Біліктілік жүйесін дамыту	5 097,0
			066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне акы төлеу	69 503,0
		370	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	364 116,0
				Республикалық маңызы бар қаланың, астананың еңбек инспекциясы басқармасы	263 122,0
			001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	262 167,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	955,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	1 800 000,0
		054		Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	800 000,0
			068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	1 000 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	344 590 056,8
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	163 435,0
			050	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	163 435,0
		351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	46 737 625,0
			010	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	46 737 625,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	121 143 712,0
			012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	11 198 392,0
			017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	4 744 203,0
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	105 201 117,0

		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	3 850 604,0
			001	Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	905 644,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	562 360,0
			008	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 332 600,0
			009	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	50 000,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	2 914 087,0
			008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	2 914 087,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	28 192 879,0
			042	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	26 168 783,0
			043	Қаланы абаттандыруды дамыту	2 024 096,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	27 820 972,8
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	425 918,0
			007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	23 298 378,8
			016	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 900,0
			028	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	354 381,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 739 395,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	11 059 626,0
			017	Қаланы абаттандыруды дамыту	11 059 626,0
		520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	1 029 247,0
			001	Жергілікті деңгейде қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	99 972,0
			002	Қаланың қоғамдық кеңістігінің элементтері болып табылатын құрылыстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	893 871,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	35 404,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	92 883 727,0
			008	Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру	13 528 098,0
			009	Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету	26 943 122,0
			010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	503 118,0
			011	Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	51 909 389,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	117 480,0
			041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	117 480,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	79 952,0
			018	Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру	79 952,0
		520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	8 596 710,0
			003	Қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру	8 596 710,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	74 601 289,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	8 219 910,0
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	400 000,0
			044	Шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	7 819 910,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	13 084 292,0
			004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	7 736 144,0
			005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 351 554,0
			006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	187 999,0
			007	Театр және музыка өнерін қолдау	2 516 051,0
			008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 292 544,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	400 127,0
			014	Мәдениет объектілерін дамыту	400 127,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	7 290 900,0
			046	Спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	7 290 900,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	14 434 345,0
			001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	156 231,0
			002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 365 868,0
			003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	11 139 557,0
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	882,0
			016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 730 407,0
			032	Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	41 400,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	688 840,0

			015	Спорт объектілерін дамыту	688 840,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	65 000,0
			009	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	65 000,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	10 483 984,0
			001	Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 481 233,0
			009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 751,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	4 850 216,0
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4 850 216,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	3 362 654,0
			009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 368 111,0
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	994 543,0
		380		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	4 781 387,0
			001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	187 663,0
			002	Туристік қызметті реттеу	4 592 743,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	981,0
		302		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	2 559 689,0
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	293 420,0
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	2 266 269,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	995 182,0
			001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	986 573,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 609,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	3 384 763,0
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	189 708,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 195 055,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	19 987 568,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	19 987 568,0
			012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	19 987 568,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	18 254 071,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 649 372,0
			011	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	80 682,0
			014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	452 284,0
			016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	69 125,0
			021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	19 600,0
			022	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	429 325,0
			034	Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу	270,0
			055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	5 588,0
			056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	462 438,0
			057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	130 060,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	519 651,0
			009	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	519 651,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	15 778 614,0
			001	Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 484 188,0
			004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	11 391 638,0
			005	Экожүйе объектілерін дамыту	845 727,0
			006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	865 516,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 295,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	180 250,0
		351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	306 434,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	304 609,0
			008	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 825,0
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	11 718 713,0
		319		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы	10 188 366,0
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	639 738,0
			002	Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	9 529 014,0
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 614,0

		324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	404 595,0
			001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	385 295,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 300,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 125 752,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 122 154,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 598,0
12				Көлік және коммуникация	278 225 069,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	6 328 907,0
			045	Елдімекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу	6 328 907,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы	79 682 645,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	48 532 293,0
			016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	31 150 352,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы	192 213 517,0
			001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 133 659,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 219,0
			008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	12 631 277,0
			009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	70 334 621,0
			011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	2 029 450,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	106 075 291,0
13				Басқалар	70 211 267,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	17 324 602,0
			005	Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау	1 397 657,0
			017	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	13 100 000,0
			018	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру	1 372 645,0
			060	Креативті индустриялар саласында жеке кәсіпкерлікті дамыту, креативті кеңістіктерді инфрақұрылымын құру үшін қаржыландыру және жағдайлар жасау	954 300,0
			082	Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру	500 000,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	4 232 534,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	4 232 534,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы	567 484,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	567 484,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	687 086,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	687 086,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	2 459 533,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 626 845,0
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	832 688,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	32 452 766,0
			013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві	29 852 766,0
			022	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	2 600 000,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	12 450 408,0
			031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	11 885 618,0
			048	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту	564 790,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	36 854,0
			018	«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту	36 854,0
14				Борышқа қызмет көрсету	5 210 755,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	5 210 755,0
			005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	5 207 710,0
			018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	3 045,0
15				Трансферттер	228 309 760,1
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	228 309 760,1
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	253 506,7
			007	Бюджеттік алып қоюлар	226 102 075,0
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	169 052,0
			049	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	1 564 782,0

			052	ҚР Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	150 020,2
			053	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	70 324,2
				III. Таза бюджеттік кредит беру	19 676 423,1
				Бюджеттік кредиттері	26 310 000,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 310 000,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 310 000,0
			063	Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	3 310 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 000 000,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	22 000 000,0
			012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	22 000 000,0
13				Басқалар	1 000 000,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 000 000,0
			007	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру	1 000 000,0
05				Бюджеттік кредиттерді өтеу	6 633 576,9
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	4 458 508,0
			06	Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	4 458 508,0
		2		Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	2 175 068,9
			02	Жергілікті бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	2 175 068,9
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	23 830 719,0
				Қаржы активтерін сатып алу	24 281 719,0
12				Көлік және коммуникация	1 556 154,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	1 556 154,0
			019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	1 556 154,0
13				Басқалар	22 725 565,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	5 000 000,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	5 000 000,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	1 787 094,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	1 787 094,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	15 485 362,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	15 485 362,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	453 109,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	453 109,0
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	451 000,0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	451 000,0
			05	Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер	451 000,0
				V. Бюджеттік дефицит	-179 396 990,1
				VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	179 396 990,1

ПРОКУРАТУРА

2024 ЖЫЛДЫҢ 5 АЙЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖОЛДАРДАҒЫ АПАТТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Статистика көрсеткендей, 2024 жылдың 5 айында (2023 ж.) Алматы қаласы бойынша 2131 (1198) апат орын алып, нәтижесінде 2353 (1317) адам зардап шекті.

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) өсуі 77,8%-ын құрады.

ЖКО зардап шеккендер арасындағы көмелетке толмағандардың үлесі 22,7%-ды құрайды. Олар негізінен көлік құралдарының соқтығысуынан зардап шекті.

Деректерді талдау көрсеткендей, ЖКО-ның 96%-дан астамы жүргізушілердің кінәсінен орын алады, оның 26-сы алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде болған.

Жол апатынан зардап шеккендердің ішінде 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар – 22,1% (521), 30 жастан 39 жасқа дейін – 15,2% (358), 18 жастан 20 жасқа дейін – 13,3% (313), 40 жастан 49 жасқа дейін – 10,2% (241), 50 жастан бастап 59-ға дейін – 8,2% (193), 60 жастан жоғары – 8,2% (190).

ЖКО кінәлілері 30 жастан 39 жасқа дейінгі адамдар – 21,5% (506), 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар – 18,1% (428), 40 жастан 49 жасқа дейін – 11,6% (274), 18 жастан 20 жасқа дейін – 7,4% (176), 50 жастан бастап 59 жаста – 4,3% (103).

Ең көп жол-көлік оқиғалары сейсенбіде – 366, жұмада – 332 және дүйсенбіде – 329, сондай-ақ күндіз – 1394, қас қарайған кезде – 540 және түнде –197 болды.

Жол-көлік оқиғаларының көпшілігі құрғақ жолда – 1427, дымкыл – 514 және қарлы – 197.

Тығыз қоныстанған таулы ортада жылдамдық режимін реттеу өлім-жітімді төмендетудің маңызды факторы болып табылады.

2024 жылдың өткен кезеңінде ЖКО-ның негізгі себептері мынадай ЖЖҚ бұзушылықтары болды:

- маневр жасау ережелерін сақтамау – 1036;
- жаяу адамдарға немесе өзге қатысушыларға артықшылықтарын бермеу – 260;
- жол қозғалысы ережелерінде немесе жол белгілерінде белгіленген жылдамдықтан асып кету – 210;
- жолаушыларды тасымалдау ережелерін сақтамау – 103;
- жаяу жүргіншілер мен жол қозғалысының өзге де қатысушыларының ережелерді бұзуы – 102;
- жол белгілерінің немесе жол таңбаларының талаптарын сақтамау – 97;
- жол қиылыстарынан өту қағидаларын бұзу немесе жолдың жүру бөлігін кесіп өту – 76;
- бағдаршамға тыйым салу сигналына немесе реттеушінің қимылына өту – 43;
- жолдың жүріс бөлігінде ҚК-ның орналасу ережелерін сақтамау – 9;
- қарсы бағыт немесе басып озу ережелерін сақтамау – 3.

Естеріңізге салат кетейік, еліміздің жолдарындағы апат туралы толық ақпаратты Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің <https://gis.kgp.kz> сайтының «Апаттылық картасы» бөлімінен көруге болады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті жолдарда жауапкершілікті көрсетуге, ал ата-аналарды балаларының жол қозғалысы ережелерін сақтауына мұқият болуға шақырады.

Д.Б.РАХМЕТОВА,
Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім прокуроры.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері, доктор, профессор, Ғылым академиясының академигі, III дәрежелі «Барыс», «Халықтар достығы» және «Құрмет» ордендерінің иегері
Досмұхамед Кішібекұлы КІШІБЕКОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



www.youtube.com/channel/UCxM2xrjCHx6Br1ggA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

КЕЙІПКЕРЛЕР ЖАНЫМЫЗДА ЖҮР

Қойшыны – таяғы, қасқырды – аяғы, журналисті де аяғы және қаламы асырайды. Тілші қауымының қаламыма жақсы кейіпкер іліксе екен дейтіні бар. Ал кейде сондай кейіпкерлеріңіз алыста емес, дәл жаныңызда жүруі бек мүмкін.

Біз бүгін өзіміздің Almaty aqshamy газетінің журналистері, құрметті оқырмандар, аты-жөні өздеріңізге мақалалары арқылы таныс Гүлжанат СЕМБАЕВА мен Ернұр РЫСБАЙ деген жас әріптестеріміз туралы жазғымыз келеді.

ШАШЫ ҰЗЫН ҚЫЗ

Қандай сұлусыз!

Газетімізде көбіне құқық, заң тақырыбын қозғайтын, жылқы десе ішкен асын жерге қоятын, осы бір киелі жануардың қыр-сырын бір кісідей меңгеріп алған Гүлжанатты көп бойжеткеннің арасынан ерекшелендіріп тұратыны – ұзын шашы, яғни бұрымы. Сөзі – сынық, ісі – түзік арудың толқынды бұйра шашының ұзындығы – 75 см. Оны қию туралы ешқашан ойлаған емес. Қайта одан да ұзын болып өссе дейді.

Айына бір рет шаштаразға барып, ұшын қидырттып тұрады. Соның өзінде сонау ауылда отырған әжесінің «қатты қысқартып жіберме» деп ескертіп қоятыны бар. Жөргегінен ата-әжесіне тән болып, сол кісілердің бауырында өскен Гүлжанат аяулы әжесінің сөзіне ешқашан қарсы келмейді. Себебі, «Шаш – қыз баланың ажары» дегенді жиі айтып отыратын әжесінің немересінің әрдайым сұлу, көркем болып жүруін қалайтыны сөзсіз.

Шашының ұшын қидыртқанда, міндетті түрде өзімен бірге алып кетеді, шаштаразға қалдырмайды. Өйткені, әжесінің «Шаштың да киесі болады. Кез келген жерде жатпасын» деген сөзі бала күнінен құлағына сіңіп қалған. Сосын жиналған шаштарын ауылға демалысқа барғанда өртеп жібереді. Мұндайды қазақ тәрбие көрген бала ғана жасайды.

Рас, бұрынғылар «шашының бір талының өзін құс тістеп кеткен адам жүйке дертіне шалдығады» деп отырушы еді. Қазір сондай наным-сенімдерді тарқатып айтып беріп, тазалыққа үндеп отыратын әжелер де сиреп барады. Қазір бұрынғы бұрымдар да қысқара бастаған...

Иә, қазақтың барлық ырымының астарында тәрбие, тазалық жатыр. Мәселен, «түнде тырнақ алуға болмайды» дейді. Неге? Өйткені, бұрын бәрі бір бөлмеде отырып тамақ ішіп, сол жерге ұйықтайтын. Тырнақ ұшып тамаққа түсіп кетуі мүмкін. Сол сияқты, «шашты қалай болсын тастасаң, құс алып кетедінің» астарында сол тазалыққа үндеу жатыр.

Айтпақшы, әжесі де ешқашан шашын кескен емес. «Жас кезінде үнемі өріп жүретін болған. Альбомдағы ескі суреттердің арасында әжемнің шашын екі өріп тұрсын суреттері көп», – дейді Гүлжанат аса бір риза кейіппен. Бұрынғылар шашын солай екіге жарып өріп, иығынан асыра тастап, басына орамал салып жүретін. Сосын ақ жаулықты аналар өрілген шашын сүйектен жасалған тарақпен бекітіп, жинап қоятын.

Гүлжанаттың анасының да шашы ұзын. Сондықтан болар, бұл отбасында шашқа деген құрмет өзгеше. Яғни анасынан қызына мұра болып келе жатқан ұлттық құндылық деп әспеттесек те артық емес. Гүлжанат өзін қысқа шашпен мүлдем елестете алмайды. Көбіне өріп жүргенді қолайлы көреді.

Біз одан шашының күтімі туралы, ерекше әдіс-тәсілің бар ма деп сұрадық.

– Өзгеше бір тәсілдерім бар деп айта алмаймын. Бірақ ұзын шашты күту оңай емес. Аптасына екі рет жуамын. Шашты ұзын әрі сәнді етіп өсіру үшін көп нәрсе керек емес. Шаштың өсімі бас терісіне байланысты. Сусабынмен жумай тұрып, алдымен сумен шайып аламын. Негізі ыстық сумен жуамын. Қатты ысы болмаса, ашылмай қалатын сияқты көрінеді. Тек сусабынмен ғана жуамын. Қазір шаш күтіміне арналған қосымша заттар өте көп. Мәселен, арнайы балызамдар, шашты өсіретін масқалар бар. Түрлі қоспасы бар, пайдалы деген балызам, масқалармен мен де екі-үш рет жуып көрдім. Бірақ ешқайсысы шашыма жақпады, көп түсіп, жұқарып кетті. Негізі, шашыңызға сай сусабынды таңдасаңыз, шаштың жылтырап өсуіне сол жеткілікті деп ойлаймын.

Шашты сусабынмен бір рет жуу керек. Кейінгі кездері кейбір қыздардан «шашты екі рет көпірттіп жуу керек» дегенді естіп жүрмін. Сусабынды пайдаланбас бұрын жақсылап тұрып сумен шайып алсаңыз, бір рет қана жуған жеткілікті. Қанжылым сумен шаямын. Тарау қиын емес. Дымқылдай тарамаймын. Кепкеннен кейін ғана тараймын. Ылғал шашты тарақпен тарауға болмайды. Шаштың түбіне кері әсерін беріп, ұштары сыңғыш болып алады. Шашым ұзын болғасын кептіруге ұзақ уақыт кетеді. Себебі, шашты тез кептіретін фенді қолданбаймын. 10–15 минут сүлгімен орап қоямын. Табиғи жолмен кептірген дұрыс, – дейді шашы ұзын әріптесіміз.

Оған жаңа орталарда кездесіп қалған адамдардың арасында «шашың қандай әдемі, ұзын екен» деп сүйсініп, қызығатындар өте көп. Бүгінгідей шілінгір шілдеде «ыстықтап, мазаң кетпей ме» немесе «мен де шашымды өсіргім келеді, қандай кеңес бересің» деп сұрап жататындар да аз емес. Ондай кезде білгенімен бөліседі.

Гүлжанат Наурыз мейрамында қос бұрымының ұшына сылдырлатып шолпы, маңдайына шекелік тағып шыққанда, тіпті ажарланып кетеді.

Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы. Ал абыройы – ата-ана беделі. Абыройлы, ақ жүзді бол, бұрымды қыз!

ДАУЫСТА ДА МӘН БАР

немесе дубляждың да «дәмін» татқан бала

Ал қатарымызға биыл ғана қосылған жас тілші, жас отағасы Ернұрдың оқушы кезінде бірталай киноның дубляжына қатысқанын өзіміздің арамызда да бірі білсе, бірі біле бермейді. Мінезі ашық. Тілінің ұшында әзілі де бар. Адам жатырқамайды. Көпшіл. Елгезек. Сымбатты бойы, үлкен-кішімен бөлісе кететін ойы да бар.

Ернұр бала күннен көпшіліктің алдында сөйлегенді ұнататын. Балабақшада келісті бойы, сүйкімді түріне қарап тәрбиешілер оны барлық концерт, байқаулардың алдына шығарып қоятын. Тапқатарды тақылдатып жатқа айта жөнелгенде, балдырған Ернұр ду қол шапалаққа көміліп қалушы еді. Балақай соған мәз болып, арқаланып, шабыттана түсетін.

Мектепке келгенде де қатарластарынан оза шауып, тағы да алға шықты. Алатау ауданына қарасты №169 мектеп-лицейінің 1-сыныбында оқып жүргенде білім ошағына бірде «Қазақфильм» киностудиясының өкілдері келіп, Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың бала күнінен сыр шертетін «Менің балалық шағымның аспаны» фильміндегі басты кейіпкер – кішкентай Нұрсұлтанның дауысына кастинг жариялады. Дубляж дегеннің дәмін татып көруге талаптанған барлық балақайдың ішінен Ернұрдың дауысы фильм кейіпкермен үндесе кетті.

Одан соң көрермендердің ыстық ықыласына бөленген «Жаужүрек мың бала», «Анаға апарар жол», «Елім-ай» сияқты отандық кинотуындыларда да балалардың дауысына дубляж жасады.

– Кейіпкерлерімнің түрлі эмоцияға берілетін сәттерін дәл келтіру қиын тиетін маған. Сондықтан дауыстар бірнеше мәрте жазылады. Дубляж кезінде кейіпкердің күлетін жерін айнытпай дыбыстау үшін мені қытықтайтын. Ал ендігі сөйлеген дауысты салу үшін студия ішінде ары-бері жүгіретімін. Кейіпкеріңіздің қандай эмоциясын болсын, риясыз сезіне білсеңіз, дауыс сол кезде ғана шынайы шығады, – дейді Ернұр.

Оның осы салаға бір сәт қызығушылығы оянып, дубляж саласының маманы боламын деген ойдың да жылт еткені бар. Бірақ таразы басын журналист болсам деген арманы басып кетті. Түрлі қызықты, шым-шытырық оқиғалардың бел ортасында жүретін тілші болғысы келді көпшілікті сүйетін жігіт. Анасы да осы мамандықты меңгергенін қалады.

– «Жігітке жеті өнер де аз» деген сөз ұнайды маған. Иә, бойыңда бір ғана қасиеттің болғаны жеткіліксіз. Себебі, ер адам өзіне ғана емес, айналасындағы жақындарына да жауапты. Әкем әрдайым: «Сенің қолыңа қалам ұстап, мықты журналист болғаның жеткіліксіз. Болашақта не күтіп тұрғанын ешкім болжай алмайды. Сондықтан да көп қырлы бол», – деп отырады. Сол себепті, жан-жақты болуға, барлық ортадан табылуға тырысамын. «Білгенімнен білмегенім көп» деген қағиданы ұстанамын. Білмегенімді сұраудан арланбаймын. Біреудің бойынан жақсы нәрсені байқап қалсам, соны мен де үйреніп алуға ұмтылып жүремін, – дейді жас әріптесіміз.

Жас демекші, қазіргі жастар туралы ойын да білмекке сауал тастадық. Оның ойынша, бүгінгі жастарды көбірек қызықтыратын нәрсе – материалдық байлық. Замандастарының басым көпшілігі қалай тез байысам, қалай бірден көп ақша тапсам деп ойлайды. Көбі еңбектеніп, маңдай терімен байығысы жоқ. Бәрі бірден бола қалса деп ойлайды. Сен өз кәсібіңнің үздігі болу үшін ең төменнен бастауың керек. Себебі, тәжірибені бір күнде меңгеру мүмкін емес. Бұл – Ернұрдың ойы.

Жас тілшіден құрбы-құрдастарына тағы бір кеңес: «Мақсатыңа жету үшін бастаған ісінді соңыңа дейін жеткізу қажет. Және жаныңда сені әрдайым қолдайтын жақындарыңның болғаны маңызды».

Нұржамал
ӘЛІШЕВА,
журналист.

